Қазақша	Русский
«БЕКІТІЛДІ» «Qamqor Pay» ЖШС директорының 2026 жылғы 23 қыркүйектегі № 08-ОД бұйрығымен	«УТВЕРЖДЕНО» Приказом Директора ТОО «Qamqor Pay» № 08-ОД от 23.09.2026 г.
«Qamqor Pay» ЖШС ТӨЛЕМ ҰЙЫМЫНЫҢ ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ	**ПРАВИЛА ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЛАТЕЖНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ТОО «Qamqor Pay» ПРИ ОКАЗАНИИ ПЛАТЕЖНЫХ УСЛУГ**
Алматы 2026 жыл	Алматы 2026 г.

Қазақша	Русский
МАЗМҰНЫ	**ОГЛАВЛЕНИЕ**
1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	Глава 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ
2-тарау. ТӨЛЕМ ҰЙЫМЫ КӨРСЕТЕТІН ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ	Глава 2. ОПИСАНИЕ ПЛАТЕЖНЫХ УСЛУГ, ОКАЗЫВАЕМЫХ ПЛАТЕЖНОЙ ОРГАНИЗАЦИЕЙ
3-тарау. ТӨЛЕМ ҰЙЫМЫНЫҢ КЛИЕНТТЕРІНЕ ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ	Глава 3. ПОРЯДОК И СРОКИ ОКАЗАНИЯ ПЛАТЕЖНЫХ УСЛУГ КЛИЕНТАМ ПЛАТЕЖНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ
4-тарау. ЖҮЙЕГЕ ҚАТЫСУШЫЛАР ЖӘНЕ ҚАТЫСУ ТАЛАПТАРЫ	Глава 4. УЧАСТНИКИ СИСТЕМЫ И УСЛОВИЯ УЧАСТИЯ
5-тарау. ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚША ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР	Глава 5. УЧАСТНИКИ СИСТЕМЫ ЭЛЕКТРОННЫХ ДЕНЕГ
6-тарау. ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚШАНЫ ШЫҒАРУ/ЭМИССИЯЛАУ ТӘРТІБІ.	Глава 6. ПОРЯДОК ВЫПУСКА/ЭМИССИИ ЭЛЕКТРОННЫХ ДЕНЕГ.
7-тарау. ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚШАНЫ ЕСЕПКЕ АЛУ	Глава 7. УЧЕТ ЭЛЕКТРОННЫХ ДЕНЕГ
8-тарау. ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚШАНЫ ПАЙДАЛАНЫП ТӨЛЕМДЕР МЕН ӨЗГЕ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ	Глава 8. ПОРЯДОК ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ПЛАТЕЖЕЙ И ИНЫХ ОПЕРАЦИЙ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ЭЛЕКТРОННЫХ ДЕНЕГ
9-тарау. ӘМИЯНДАР АРАСЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚША АУДАРУ	Глава 9. ПЕРЕВОД ЭЛЕКТРОННЫХ ДЕНЕГ МЕЖДУ КОШЕЛЬКАМИ
10-тарау. ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚШАНЫ ӨТЕУ	Глава 10. ПОГАШЕНИЕ ЭЛЕКТРОННЫХ ДЕНЕГ
11-тарау. АГЕНТТЕРДІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚШАНЫ САТУЫ ЖӘНЕ ӨТКІЗУІ	Глава 11. ПРОДАЖА И РЕАЛИЗАЦИЯ ЭЛЕКТРОННЫХ ДЕНЕГ АГЕНТАМИ
12-тарау. ТӨЛЕМ ҰЙЫМЫ КӨРСЕТЕТІН ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ҚҰНЫ (ТАРИФТЕРІ)	Глава 12. СТОИМОСТЬ ПЛАТЕЖНЫХ УСЛУГ (ТАРИФЫ), ОКАЗЫВАЕМЫХ ПЛАТЕЖНОЙ ОРГАНИЗАЦИЕЙ
13-тарау. ТӨЛЕМ ҰЙЫМЫ КӨРСЕТЕТІН ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ТӘРТІБІ	Глава 13. ПОРЯДОК ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ С ТРЕТЬИМИ ЛИЦАМИ, ОБЕСПЕЧИВАЮЩИМИ ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПЛАТЕЖНЫХ УСЛУГ, ОКАЗЫВАЕМЫХ ПЛАТЕЖНОЙ ОРГАНИЗАЦИЕЙ
14-тарау. ТӨЛЕМ ҰЙЫМЫ ПАЙДАЛАНАТЫН ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	Глава 14. СВЕДЕНИЯ О СИСТЕМЕ УПРАВЛЕНИЯ РИСКАМИ, ИСПОЛЬЗУЕМОЙ ПЛАТЕЖНОЙ ОРГАНИЗАЦИЕЙ
7-тарау. ДАУЛЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫ РЕТТЕУ ЖӘНЕ КЛИЕНТТЕРМЕН ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ	Глава 7. ПОРЯДОК УРЕГУЛИРОВАНИЯ СПОРНЫХ СИТУАЦИЙ И РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ С КЛИЕНТАМИ
15-тарау. АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН САҚТАУ ТӘРТІБІ	Глава 15. ПОРЯДОК СОБЛЮДЕНИЯ МЕР ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ
16-тарау. ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ҚАЖЕТТІ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР МЕН ЖАБДЫҚТЫҢ СИПАТТАМАСЫ	Глава 16. ОПИСАНИЕ ПРОГРАММНО-ТЕХНИЧЕСКИХ СРЕДСТВ И ОБОРУДОВАНИЯ, НЕОБХОДИМОГО ДЛЯ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ УСЛУГ
17-тарау. ОСЫ ҚАҒИДАЛАРҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ	Глава 17. ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ В НАСТОЯЩИЕ ПРАВИЛА

Қазақша	Русский
1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	**Глава 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ**
1. «Qamqor Pay» ЖШС төлем ұйымының төлем қызметтерін көрсету кезінде қызметін жүзеге асырудың осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 26 шілдедегі Заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 215 қаулысымен бекітілген Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларына, «Qamqor Pay» ЖШС Жарғысына сәйкес әзірленген және Төлем ұйымының қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды, сондай-ақ мынадай төлем қызметтерін көрсету тәртібіне қойылатын жалпы талаптарды белгілейді:	1. Настоящие Правила осуществления деятельности платежной организации ТОО «Qamqor Pay» при оказании платежных услуг (далее – Правила) разработаны в соответствии с законом Республики Казахстан от 26 июля 2016 года «О платежах и платежных системах» (далее – Закон), Правилами организации деятельности платежных организаций, утвержденными постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 31 августа 2016 года № 215, Уставом ТОО «Qamqor Pay», и определяют порядок организации деятельности Платежной организации и устанавливают общие требования к порядку оказания следующих платежных услуг:
• ақша жіберушінің банктік шотын ашпай төлем жасау үшін қолма-қол ақшаны қабылдау жөніндегі қызметтер;	• услуги по приему наличных денег для осуществления платежа без открытия банковского счета отправителя денег;
• электрондық ақшаны өткізу (тарату) жөніндегі қызметтер;	• услуги по реализации (распространению) электронных денег;
• электрондық ақшаны пайдалана отырып жасалатын төлемдерді қабылдау және өңдеу жөніндегі қызметтер;	• услуги по приему и обработке платежей, совершаемых с использованием электронных денег;
• клиент электрондық нысанда бастамашылық жасаған төлемдерді өңдеу және осы төлемдер бойынша төлемді және (немесе) аударымды жүзеге асыру не ақшаны қабылдау үшін банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға қажетті ақпаратты беру жөніндегі қызметтер.	• услуги по обработке платежей, инициированных клиентом в электронной форме, и передаче необходимой информации банку, организации, осуществляющей отдельные виды банковских операций, для осуществления платежа и (или) перевода либо принятия денег по данным платежам.
2. Осы Қағидаларда Заңда көзделген ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады.	2. В настоящих Правилах используются понятия и определения, предусмотренные Законом.
2-тарау. ТӨЛЕМ ҰЙЫМЫ КӨРСЕТЕТІН ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ	**Глава 2. ОПИСАНИЕ ПЛАТЕЖНЫХ УСЛУГ, ОКАЗЫВАЕМЫХ ПЛАТЕЖНОЙ ОРГАНИЗАЦИЕЙ**
2.1. Ақша жөнелтушінің банктік шотын ашпай төлем жасау үшін қолма-қол ақшаны қабылдау жөніндегі қызметтерді Төлем ұйымы әртүрлі Қызметтер жеткізушілермен жасасатын шарттар негізінде көрсетеді. Бұл шарттардың талаптары Төлем ұйымы мен Төлем агенті, Төлем агенті мен Төлем қосалқы агенті арасында жасалатын шарт негізінде төлем қызметтерін көрсетуге Төлем агенттерін/қосалқы агенттерін тарту мүмкіндігін көздейді. Ақша жөнелтушінің банктік шотын ашпай төлем жасау үшін қолма-қол ақшаны қабылдау жөніндегі қызметтер төлеушінің Төлем агенттеріне/қосалқы агенттеріне тиесілі терминалдар арқылы қолма-қол ақша енгізуі арқылы көрсетіледі.	2.1. Услуги по приему наличных денег для осуществления платежа без открытия банковского счета отправителя денег оказываются Платежной организацией на основании договоров, заключаемых Платежной организацией с Поставщиками различного рода услуг. Условия данных договоров предусматривают возможность привлечения к оказанию платежных услуг Платежных агентов/субагентов, на основании договора, заключаемого между Платежной организацией и Платежным агентом, Платежным агентом и Платежным субагентом. Услуги по приему наличных денег для осуществления платежа без открытия банковского счета отправителя денег оказывается посредством внесения плательщиком наличных денежных средств через терминалы, принадлежащие Платежным агентам/субагентам.

Қазақша	Русский
2.2. Оператор бір мезгілде «KOINA» электрондық ақша жүйесінің (бұдан әрі – ЭАЖ) Агенті болған жағдайда, электрондық ақшаны өткізу (тарату) жөніндегі қызметтерді Оператор көрсете алады. Қызмет көрсету Эмитент банктен өз атына электрондық ақшаны сатып алудан/эмиссиялаудан және оны кейіннен жеке тұлға клиенттерге өткізуден тұрады. Электрондық ақшаны өткізу кезіндегі Оператор/Агент комиссиясының мөлшерлері осы Қағидалардың тиісті бабында бекітілген және Жүйенің электрондық сайтында орналастырылған.	2.2. Услуги по реализации (распространению) электронных денег, могут оказываться Оператором, в случае если Оператор становится одновременно и Агентом системы электронных денег «KOINA» (далее – СЭД). Оказание услуги заключается в покупке/ эмиссии электронных денег у банка Эмитента на собственное имя и их дальнейшая реализация клиентам- физическим лицам. Размеры комиссии Оператора/ Агента при реализации электронных денег, утверждены в соответствующей статье настоящих правил и размещены на электронном сайте Системы.
Бұдан басқа, «KOINA» электрондық ақша жүйесінің Агенті бола отырып, Оператор жеке тұлға клиенттерден электрондық ақшаны сатып алуға, оның құнын өз кассаларында төлеуге, сондай-ақ жеке тұлға клиенттерден сатып алынатын электрондық ақшаның есебіне ақшаны тиісті жеке тұлға клиенттер (электрондық ақша иелері) көрсеткен банктік шоттарға аударуға құқылы. Электрондық ақшаны сатып алу кезіндегі Оператор/Агент комиссиясының мөлшерлері осы Қағидалардың тиісті бабында бекітілген және Жүйенің электрондық сайтында орналастырылған.	Дополнительно Оператор, являясь Агентом системы электронных денег «KOINA», вправе осуществлять приобретение электронных денег у клиентов-физических лиц, осуществляя оплату их стоимости в собственных кассах, а также производя перечисление денег в счет приобретаемых у клиентов-физических лиц электронных денег на банковские счета, указанные соответствующими клиентами-физическими лицами (владельцами электронных денег). Размеры комиссии Оператора/ Агента при приобретении электронных денег, утверждены в соответствующей статье настоящих правил и размещены на электронном сайте Системы.
2.3. Электрондық ақшаны пайдалана отырып жасалатын төлемдерді қабылдау және өңдеу жөніндегі қызметтер электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеуін, оның ішінде электрондық ақшаны пайдалану арқылы операциялар жасалған кезде қалыптасатын ақпаратты жинауды, өңдеуді және беруді қамтамасыз етуді қамтиды. Осы қызметті орындау/көрсету шеңберінде Оператор:	2.3. Услуги по приему и обработке платежей, совершаемых с использованием электронных денег – включают в себя обеспечение функционирования системы электронных денег, включая осуществление сбора, обработки и передачи информации, формируемой при осуществлении операций с использованием электронных денег. В рамках исполнения/оказания данной услуги Оператор обеспечивает:
• жүйенің барлық пайдаланушыларының/қатысушыларының электрондық ақшаны пайдаланатын транзакциялары/операциялары туралы ақпаратты жинауды, сақтауды, өңдеуді және беруді қамтамасыз етеді;	• сбор, хранение, обработку и передачу информации о транзакциях/ операциях всех пользователей/ участников системы с использованием электронных денег;
• жүйенің тұтастай жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;	• обеспечивает работу системы в целом;
• қатысушылардың әмияндарындағы электрондық ақша қалдықтарын көрсетуді және тіркеуді қамтамасыз етеді;	• обеспечивает отображение и регистрацию остатков электронных денег на кошельках участников;
• қатысушылардың әмияндарындағы транзакцияларды көрсетуді, жасалған операцияларға қарай баланстың өзгеруін қамтамасыз етеді;	• обеспечивает отображение транзакций на кошельках участников, изменение баланса в зависимости от совершенных операций;
• қатысушылардың электрондық ақшаны эмиссиялау, өтеу, Агенттердің/Агенттерден электрондық ақшаны сатып алу/сату операцияларын, жеке тұлға қатысушылар арасындағы электрондық ақша аударымдарын қамтамасыз етеді;	• обеспечивает операции участников по эмиссии электронных денег, гашению электронных денег, покупке/ продаже электронных денег Агентами/ у Агентов, переводы электронных денег между участниками – физическими лицами;

Қазақша	Русский
• пайдаланушылардың/қатысушылардың әмияндары бойынша қажетті есептердің қалыптастырылуын қамтамасыз етеді.	• обеспечивает формирование необходимых отчетов по кошелькам пользователей/ участников.
• жүйенің қағидаларын белгілейді және жүйелерге қатысушылардың оларды сақтауын бақылайды;	• устанавливает правила системы и осуществляет контроль за их соблюдением участниками систем;
• жүйеге қатысушылардың төлем және ақпараттық хабарламаларын өңдеуді және беруді (қатысушыларға), нұсқауларды жеке орындауды немесе клирингті жүзеге асырады;	• осуществляет обработку и выдачу платежных и информационных сообщений участников (участникам) системы, индивидуальное исполнение указаний или клиринг;
• жүйеге қатысушымен жүйеге қатысу туралы шарт жасасады;	• заключает договор с участником системы об участии в системе;
• жүйедегі тәуекелдерді басқару жүйесін айқындайды;	• определяет систему управления рисками в системе;
• жүйе инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;	• обеспечивает функционирование инфраструктуры системы;
• ақпараттық қауіпсіздік шараларының сақталуын және қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етеді;	• обеспечивает соблюдение мер информационной безопасности и непрерывности деятельности;
• жүйеге қатысушылардың өзі көрсететін қызметтерге тең және ашық қол жеткізуін қамтамасыз етеді;	• обеспечивает равный и открытый доступ участников системы к оказываемым им услугам;
• жүйе операторының қызметін басқару жөніндегі ішкі құжаттарды бекітеді;	• утверждает внутренние документы по управлению деятельностью оператора системы;
• жүйеге қатысушылармен жасалған шарттар негізінде өзге де міндеттерді орындайды.	• выполняет иные обязанности на основании договоров, заключенных с участниками системы.
2.4. Клиент электрондық нысанда бастамашылық жасаған төлемдерді өңдеу және осы төлемдер бойынша төлемді және (немесе) аударымды жүзеге асыру не ақшаны қабылдау үшін банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға қажетті ақпаратты беру жөніндегі қызметтерді Төлем ұйымы екінші деңгейдегі банкпен/банктермен және үшінші тұлғалармен жасалған жекелеген шарттар негізінде көрсетеді. Бұл қызметтер тиісті төлемнің мақсаты мен бенефициарының деректемелерін көрсете отырып, төлем карталарын пайдалану арқылы бастамашылық жасалған төлемдерді қабылдауды, одан кейін төлемді орындау үшін оның деректемелерін Төлем ұйымының серіктесі болып табылатын тиісті банкке беруді қамтамасыз етеді. Банк өз кезегінде Клиенттің Төлем ұйымы арқылы электрондық нысанда берілген нұсқауын орындайды.	2.4. Услуги по обработке платежей, инициированных клиентом в электронной форме, и передаче необходимой информации банку, организации, осуществляющей отдельные виды банковских операций, для осуществления платежа и (или) перевода либо принятия денег по данным платежам, оказываются Платежной организацией на основании отдельных договоров, заключенных с банком/банками второго уровня и Платежной организацией с третьими лицами и обеспечивает прием платежей инициированных с использованием платежных карт с указанием реквизитов назначения соответствующего платежа и бенефициара соответствующего платежа с последующим обеспечением передачи реквизитов по платежу для его исполнения в пользу соответствующего банка, партнером которого является Платежная организация, а банк в свою очередь исполняет указание Клиента, переданное через Платежную организацию в электронной форме.

Қазақша	Русский
3-тарау. ТӨЛЕМ ҰЙЫМЫНЫҢ КЛИЕНТТЕРІНЕ ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ	**Глава 3. ПОРЯДОК И СРОКИ ОКАЗАНИЯ ПЛАТЕЖНЫХ УСЛУГ КЛИЕНТАМ ПЛАТЕЖНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ**
3.1. Ақша жөнелтушінің банктік шотын ашпай төлем жасау үшін қолма-қол ақшаны қабылдау жөніндегі қызметті көрсету тәртібі.	3.1. Порядок оказания услуги по приему наличных денег для осуществления платежа без открытия банковского счета отправителя денег.
Қызметтер жеткізушілердің пайдасына ақша жіберушінің банктік шотын ашпай төлем жасау үшін қолма-қол ақшаны қабылдау жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақша енгізуі арқылы жүзеге асырылады. Төлем аяқталғаннан кейін төлемді растайтын құжат беріледі. Төлем агенттерінің/қосалқы агенттерінің ақша жіберушінің банктік шотын ашпай төлем жасау үшін қолма-қол ақшаны қабылдау жөніндегі төлем қызметін көрсетуі.	Прием наличных денег для осуществления платежа без открытия банковского счета отправителя денег в пользу поставщиков услуг происходит путем внесения физическим лицом денежных средств любым, не запрещенным законодательством Республики Казахстан, путем. По окончании платежа выдается документ подтверждающий платеж. Оказание платежными агентами/субагентами платежной услуги по приему наличных денег для осуществления платежа без открытия банковского счета отправителя денег.
Ақша қозғалысы мен ақпараттық ағындар схемасы	**Схема движения денег и информационных потоков**
1. Төлем агенті/қосалқы агенті төлем ұйымымен (не төлем агенті ретінде әрекет ететін тұлғамен) төлем қызметтерін көрсету туралы шартқа (офертаға) қосылу шартын жасасады.	1. Платежный агент/субагент заключает с платежной организацией (либо как с платежным агентом) договор присоединения к договору (оферта) об оказании платежных услуг.
2. Төлем агенті/қосалқы агенті ID беріле отырып, Жүйеде тіркеледі.	2. Платежный агент/субагент проходит регистрацию в Системе, с присвоением ID.
3. Төлем қызметін көрсету төлем агентінің/қосалқы агентінің жоспарланған төлемдер көлеміне кепілдік жарнасын (аванстық төлемді) енгізуімен қамтамасыз етіледі. Ол үшін төлем агенті/қосалқы агенті төлем ұйымының серіктес банкінде есеп айырысу шотын ашады және төлем ұйымына қабылданған төлемдер сомасын төлем агентінің/қосалқы агентінің есеп айырысу шотынан (Жүйедегі балансынан) акцептсіз есептен шығару құқығын береді. Клиент төлем жасаған кезде қабылданған төлемдер сомасы агенттің төлем ұйымы жүйесіндегі есеп айырысу шотынан (балансынан) есептен шығарылады.	3. Оказание платежной услуги обеспечивается предоставлением платежным агентом/субагентом гарантийного взноса (авансового платежа) на планируемый объем платежей. Для этого платежный агент/субагент открывает расчетный счет в банке партнера платежной организации с правом безакцептного списания платежной организацией с расчетного счета (баланс в Системе) платежного агента/субагента сумм принятых платежей. При совершении платежа клиентом, сумма принятых платежей списывается с расчетного счета агента (баланс) в системе платежной организации.
4. Төлем агенті/қосалқы агенті көрсетілген шотта төлем ұйымы алдындағы міндеттемелерді орындауға жеткілікті ақшаның азайтылмайтын қалдығын қамтамасыз етуге міндеттенеді.	4. Платежный агент/субагент обязуется обеспечивать на указанном счете неснижаемый остаток денежных средств, достаточный для исполнения обязательств перед платежной организацией.

Қазақша	Русский
5. Төлемдер қабылданған күні төлем агентінің/қосалқы агентінің кепілдік жарнасының қалдығында ақша болмаған жағдайда, төлем агентінің/қосалқы агентінің міндеттемесі қамтамасыз етілмеген болып табылады және Төлем ұйымы шарттың орындалуын тоқтата тұруға не төлем ұйымы мен төлем агенті/қосалқы агенті арасында жасалатын жеке келісім негізінде төлемді аудару мерзімін кейінге қалдыруға (овердрафт беруге) құқылы.	5. При отсутствии в день приема платежей денежных средств в остатке гарантийного взноса платежного агента/субагента обязательство платежного агента/субагента является необеспеченным, и Платежная организация вправе приостановить исполнение договора либо предоставить платежному агенту/субагенту отсрочку в перечислении платежа (овердрафт) на основании отдельного соглашения заключаемого платежной организацией с платежным агентом/субагентом.
6. Төлем агенті/қосалқы агенті клиенттің дербес шотына өзгерістер енгізу үшін әрбір қабылданған төлем туралы деректерді Жүйеге беруге міндетті. Мәліметтер клиент көрсеткен деректер негізінде төлем қабылдау кезінде тікелей, қатесіз және бұрмаланбай берілуге тиіс.	6. Платежный агент/субагент обязан передавать Системе данные о каждом принятом платеже для внесения изменений в лицевой счет клиента. Сведения должны быть переданы непосредственно в период приема платежа на основании данных, указываемых клиентом, без ошибок и искажений.
7. Төлем туралы деректерді беру жөніндегі әрбір операция төлем агентінің/қосалқы агентінің нысаны тиісті қызметтерді жеткізушімен келісілген электрондық құжатқа қол қоюымен бірге жүреді. Төлем агентінің/қосалқы агентінің аутентификация деректерінің – Жүйедегі логиннің, парольдің және терминалдың/электрондық кассаның нөмірінің үйлесімі төлем агентінің/қосалқы агентінің өз қолымен қойған қолының аналогы (бұдан әрі – ӨҚА) ретінде айқындалады және тараптар оны жасалған төлемнің бірмәнді әрі даусыз растауы ретінде таниды.	7. Каждая операция по передаче данных о платеже сопровождается подписанием платежным агентом/субагентом электронного документа, форма которого согласована с соответствующим поставщиком услуг. Сочетание аутентификационных данных платежного агента/субагента – логин, пароль и номер терминала\электронной кассы в Системе - определены как аналог собственноручной подписи (далее АСП) платежного агента/субагента и признаются сторонами в качестве однозначного и бесспорного подтверждения совершенного платежа.
8. Төлем қабылданғаннан кейін төлем агенті/қосалқы агенті клиентке төлем туралы деректерді беру үшін төлем агентінің/қосалқы агентінің терминалы/электрондық кассасы пайдаланылғанын растайтын түбіртек беруге міндетті. 9. Төлем агенті/қосалқы агенті төлемдерді қабылдаған кезде төлемнен комиссия алынады. Комиссия мөлшерін төлем агенті/қосалқы агенті белгілейді және ол қызметтерді жеткізушілермен жұмыс істеу талаптарымен айқындалады.	8. После приема Платежа платежный агент/субагент обязан выдать клиенту квитанцию, подтверждающую использование терминала\электронной кассы платежного агента//субагента для передачи данных о платеже. 9. При приеме платежей платежным агентом/субагентом взимается комиссия с платежа. Размер комиссии устанавливается платежным агентом/субагентом, и определяется условиями работы с поставщиками услуг.
10. Төлем агенті/қосалқы агенті ай сайын өз тарапынан қол қойылған қабылданған төлемдер туралы агент есебін, орындалған жұмыстар актісін және сыйақы сомасына шот-фактураны ұсынады, олардың негізінде өзара есеп айырысулар салыстырып тексеріледі.	10. На ежемесячной основе платежный агент/субагент, предоставляет подписанный со своей стороны отчет агента о принятых платежах, акт выполненных работ, счет-фактура на сумму вознаграждения, на основании которого происходит сверка взаиморасчетов.
11. Төлем қызметтерін көрсету мерзімі – төлем қабылданған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде.	11. Сроки оказания платежных услуг – в течение 1 (одного) рабочего дня, следующего за днем приема платежа.
3.2. Электрондық ақшаны өткізу (тарату) жөніндегі қызметтерді көрсету тәртібі:	**3.2. Порядок оказания услуг по реализации (распространению) электронных денег:**
Жеке тұлға клиенттерге электрондық ақшаны өткізу/тарату:	Реализация/ распространение клиентам электронных денег клиентам-физическим лицам:



Қазақша	Русский
Қызмет көрсету Эмитент банктен өз атына электрондық ақшаны сатып алудан/эмиссиялаудан және оны кейіннен жеке тұлға клиенттерге өткізуден тұрады. Қызмет көрсету кезінде Оператор мынадай әрекеттер алгоритмін қамтамасыз етеді:	Оказание услуги заключается в покупке/ эмиссии электронных денег у банка Эмитента на собственное имя и их дальнейшая реализация клиентам-физическим лицам. При оказании услуги Оператор обеспечивает следующий алгоритм действий:
• электрондық ақшаны сатып алу/эмиссиялау есебіне ақшаны Эмитент банктің пайдасына/есеп айырысу шотына аудару және электрондық ақшаны Оператордың электрондық әмиянына есепке жатқызу;	• зачисление в пользу банка Эмитента/ на расчетный счет банка Эмитента денег в счет приобретения/ эмиссии электронных денег с их зачислением на электронный кошелек Оператора;
• жеке тұлға клиенттен оған электрондық ақша өткізу есебіне ақша алу;	• получение от клиента физического лица денег в счет реализации ему электронных денег;
• өткізілетін электрондық ақшаны есепке жатқызу үшін клиенттен электрондық әмиянның нөмірін/сәйкестендіру нөмірін алу (клиенттің Жүйеде электрондық әмияны болса), клиент үшін жаңа электрондық әмиян тіркеу (клиенттің бұрын тіркелген әмияны болмаса);	• получение от клиента номера/ идентификационного номера электронного кошелька для зачисления реализуемых электронных денег (в случае наличия у клиента электронного кошелька в Системе), регистрация нового электронного кошелька для клиента (в случае отсутствия у клиента ранее зарегистрированного кошелька);
• клиентке өткізілген электрондық ақша көлемінде Оператордың электрондық әмиянынан электрондық ақшаны есептен шығару;	• списание электронных денег с электронного кошелька Оператора в объеме реализованных клиенту электронных денег;
• Оператор өткізген электрондық ақшаны клиенттің электрондық әмиянына есепке жатқызу;	• зачисление на электронный кошелек клиента – электронных денег, реализованных Оператором;
• көрсетілген қызмет үшін комиссияны клиенттің электрондық әмиянынан есептен шығару;	• списание с электронного кошелька клиента комиссии за оказанную услугу;
• клиентке электрондық ақша есепке жазылған электрондық әмиян немесе жаңадан құрылған электрондық әмияннның сәйкестендіру деректері көрсетілген, операцияның жасалғанын растайтын тауарлық чек беру.	• выдача клиенту товарного чека, подтверждающего совершение операции с указанием электронного кошелька, на который зачислены электронные деньги, либо указанием идентификационных данных вновь созданного электронного кошелька.
3.3. Электрондық ақшаны пайдалана отырып жасалатын төлемдерді қабылдау және өңдеу жөніндегі қызметтерді көрсету тәртібі электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеуін, оның ішінде электрондық ақшаны пайдалану арқылы операциялар жасалған кезде қалыптасатын ақпаратты жинауды, өңдеуді және беруді қамтамасыз етуді қамтиды:	3.3. Порядок оказания услуг по приему и обработке платежей, совершаемых с использованием электронных денег – включают в себя обеспечение функционирования системы электронных денег, включая осуществление сбора, обработки и передачи информации, формируемой при осуществлении операций с использованием электронных денег:
Осы қызметті орындау/көрсету шеңберінде Оператор:	В рамках исполнения/оказания данной услуги Оператор обеспечивает:
• жүйенің барлық пайдаланушыларының/қатысушыларының электрондық ақшаны пайдаланатын транзакциялары/операциялары туралы ақпаратты жинауды, сақтауды, өңдеуді және беруді қамтамасыз етеді;	• сбор, хранение, обработку и передачу информации о транзакциях/ операциях всех пользователей/ участников системы с использованием электронных денег;

Қазақша	Русский
• жүйенің тұтастай жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;	• обеспечивает работу системы в целом;
• қатысушылардың әмияндарындағы электрондық ақша қалдықтарын көрсетуді және тіркеуді қамтамасыз етеді;	• обеспечивает отображение и регистрацию остатков электронных денег на кошельках участников;
• қатысушылардың әмияндарындағы транзакцияларды көрсетуді, жасалған операцияларға қарай баланстың өзгеруін қамтамасыз етеді;	• обеспечивает отображение транзакций на кошельках участников, изменение баланса в зависимости от совершенных операций;
• қатысушылардың электрондық ақшаны эмиссиялау, өтеу, Агенттердің/Агенттерден электрондық ақшаны сатып алу/сату операцияларын, жеке тұлға қатысушылар арасындағы электрондық ақша аударымдарын қамтамасыз етеді;	• Обеспечивает операции участников по эмиссии электронных денег, гашению электронных денег, покупке/ продаже электронных денег Агентами/ у Агентов, переводы электронных денег между участниками – физическими лицами;
• пайдаланушылардың/қатысушылардың әмияндары бойынша қажетті есептердің қалыптастырылуын қамтамасыз етеді.	• Обеспечивает формирование необходимых отчетов по кошелькам пользователей/ участников.
• жүйенің қағидаларын белгілейді және төлем жүйелеріне қатысушылардың оларды сақтауын бақылайды;	• устанавливает правила системы и осуществляет контроль за их соблюдением участниками платежных систем;
• жүйеге қатысушылардың төлем және ақпараттық хабарламаларын өңдеуді және беруді (қатысушыларға), нұсқауларды жеке орындауды немесе клирингті жүзеге асырады;	• осуществляет обработку и выдачу платежных и информационных сообщений участников (участникам) системы, индивидуальное исполнение указаний или клиринг;
• жүйеге қатысушымен жүйеге қатысу туралы шарт жасасады;	• заключает договор с участником системы об участии в системе;
• жүйедегі тәуекелдерді басқару жүйесін айқындайды;	• определяет систему управления рисками в системе;
• жүйе инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;	• обеспечивает функционирование инфраструктуры системы;
• ақпараттық қауіпсіздік шараларының сақталуын және қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етеді;	• обеспечивает соблюдение мер информационной безопасности и непрерывности деятельности;
• жүйеге қатысушылардың өзі көрсететін қызметтерге тең және ашық қол жеткізуін қамтамасыз етеді;	• обеспечивает равный и открытый доступ участников системы к оказываемым им услугам;
• жүйе операторының қызметін басқару жөніндегі ішкі құжаттарды бекітеді;	• утверждает внутренние документы по управлению деятельностью оператора системы;
• жүйеге қатысушылармен жасалған шарттар негізінде өзге де міндеттерді орындайды.	• выполняет иные обязанности на основании договоров, заключенных с участниками системы.
Ақша қозғалысы мен ақпараттық ағындар схемасы	**Схема движения денег и информационных потоков**
• Агент Эмитенттің банктік шотына ақша аударады.	• Агент перечисляет на банковский счет Эмитента денежные средства.

Қазақша	Русский
• Эмитент Операторға аударылған қаражат көлемінде, эмиссия шығыстарын шегере отырып, Агент әмиянына қаражат эмиссиялау туралы пәрмен береді.	• Эмитент подает команду Оператору на эмиссию средств для кошелька Агента в объеме перечисленных средств за вычетом расходов на эмиссию.
• Оператор Эмитенттің өкімі бойынша Агент әмиянына қаражат эмиссиясын жүзеге асырады және Эмитенттің ЭАЖ-дағы позициясын ұлғайтады.	• Оператор осуществляет по распоряжению Эмитента эмиссию средств на кошелек Агента и увеличивает позицию Эмитента в СЭД
• ЭАЖ транзакцияны жасайды және Эмитентке қайтарылатын транзакцияның бірегей деректерін қалыптастырады.	• СЭД создает транзакцию и формирует уникальные данные транзакции, которые возвращает Эмитенту
• Эмитент транзакцияның бірегей деректерін Агентке қайтарады.	• Эмитент возвращает уникальные данные транзакции Агенту.
• Агент өз қызметі шеңберінде Операторға өз әмиянын басқаруға арналған пәрмендер жібереді.	• Агент в рамках своей деятельности отсылает команды Оператору на управление своим кошельком.
3.2. және 3.3-тармақтарда көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдері:	Сроки оказания услуг, указанных в пп. 3.2. и 3.3.:
Қатысушылардың өкімдері тәулік бойы, оның ішінде демалыс және мереке күндері орындауға қабылданады.	Прием к исполнению распоряжений Участников осуществляется круглосуточно, в том числе в выходные и праздничные дни.
Операцияларды өңдеу, операцияға бастамашылық жасаған қатысушының позициясынан ақшаны есептен шығару және бенефициар/алушы қатысушының позициясына ақшаны есепке жатқызу, тиісінше ЭАЖ қатысушыларының тиісті электрондық әмияндарына электрондық ақшаны есептен шығару/есепке жатқызу нақты уақыт режимінде жүзеге асырылады.	Обработка операций, списание денег с позиции участника-инициатора операции и зачисление денег на позицию участника-бенефициара/ получателя и соответственно списание/ зачисление электронных денег на соответствующие электронные кошельки участников СЭД осуществляется в режиме реального времени.
Оператордың тиісті Операцияларды өңдеуінің ең ұзақ уақыты, басқа Қатысушылардың растауын талап ететін операцияларды қоспағанда, 3 сағатты құрайды. Мұндай операцияларға электрондық ақшаны эмиссиялау/өтеу операциялары, агенттер қолмен, яғни өзіне-өзі қызмет көрсету автоматтарын және өзге құрылғыларды қолданбай жүзеге асыратын электрондық ақшаны сатып алу/сату операциялары жатады. Қатысушылардың растауын талап ететін операциялар Жүйе (Оператор) тиісті Қатысушыдан Операцияның расталуын алған сәттен бастап 3 сағат ішінде орындалады.	Максимальное время обработки Оператором соответствующий Операций составляет 3 часа, за исключением операций, требующих подтверждения со стороны других Участников, к таким операциям относятся операции по эмиссии/ гашению электронных денег, операции по покупке/ продаже электронных денег осуществляемые агентами в ручном режиме, то есть без применения автоматов самообслуживания и прочих устройств. Операции, требующие подтверждения со стороны участников, исполняются в течение 3 часов с момента получения Системой (Оператором) подтверждения Операции со стороны соответствующего Участника.
ЭАЖ Қатысушылары операцияларды тиісті Қатысушылар белгілеген мерзімдер мен тәртіпте жұмыс уақытында растайды/орындайды.	Подтверждение/ исполнение операций со стороны Участников СЭД осуществляется соответствующими участниками, в рабочее время в сроки и порядке установленные соответствующими Участниками.
Қызметтерді көрсету мерзімі – 5 сағатқа дейін.	Сроки оказания услуг – до 5 часов.
Жүйеде есеп айырысу кезінде уақытты есепке алу үшін Астана қаласының уақыты танылады;	Для учета времени при расчетах в Системе признается время г. Астана;

Қазақша	Русский
Қазақстан Республикасының заңдары мен қаулыларында белгіленген жұмыс күндері Оператордың жұмыс күндері болып табылады.	Рабочими днями Оператора являются рабочие дни, установленные законами и постановлениями Республики Казахстан.
3.4. Клиент электрондық нысанда бастамашылық жасаған төлемдерді өңдеу және осы төлемдер бойынша төлемді және (немесе) аударымды жүзеге асыру не ақшаны қабылдау үшін банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға қажетті ақпаратты беру жөніндегі қызметтер.	3.4. Услуги по обработке платежей, инициированных клиентом в электронной форме, и передаче необходимой информации банку, организации, осуществляющей отдельные виды банковских операций, для осуществления платежа и (или) перевода либо принятия денег по данным платежам.
Клиент электрондық нысанда бастамашылық жасаған төлемдерді өңдеу және осы төлемдер бойынша төлемді және (немесе) аударымды жүзеге асыру не ақшаны қабылдау үшін банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға қажетті ақпаратты беру жөніндегі қызмет (бұдан әрі – «Банк», «төлем қызметі») мынадай түрде жүзеге асырылады:	Услуга по обработке платежей, инициированных Клиентом в электронной форме, и передаче необходимой информации банку, организации, осуществляющей отдельные виды банковских операций, для осуществления платежа и (или) перевода либо принятия денег по данным платежам (далее – «Банк», «платежная услуга») осуществляется следующим образом:
1) Төлем ұйымы Банкпен жасалған шарттар шеңберінде тиісті төлемнің мақсаты мен бенефициарының деректемелерін көрсете отырып, төлем карталарын пайдалану арқылы бастамашылық жасалған төлемдерді қабылдауды, одан кейін төлемді орындау үшін оның деректемелерін Төлем ұйымының серіктесі болып табылатын тиісті Банкке беруді қамтамасыз етеді. Банк өз кезегінде Клиенттің Төлем ұйымы арқылы электрондық нысанда берілген нұсқауын орындайды.	1) Платежная организация, в рамках договоров, заключенных с Банком обеспечивает прием платежей инициированных с использованием платежных карт с указанием реквизитов назначения соответствующего платежа и бенефициара соответствующего платежа с последующим обеспечением передачи реквизитов по платежу для его исполнения в пользу соответствующего Банка, партнером которого является Платежная организация, а Банк в свою очередь исполняет указание Клиента, переданное через Платежную организацию в электронной форме.
2) Клиент төлемдерге WEB-қосымшалар, online-қосымшалар, мобильді қосымшалар (мобильді құрылғыларға арналған қосымшалар), өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдарының бағдарламалық қамтылымы, виджеттер және өзге қосымшалар арқылы бастамашылық жасайды. Олар Клиенттің банк картасынан ақшаны есептен шығару және Клиенттен Төлем ұйымы алған әрі Банкке берген тапсырманы/өкімді кейіннен орындау мақсатында оны Банктің пайдасына есепке жатқызу жөніндегі өкімдерге электрондық нысанда бастамашылық жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.	2) Инициация Клиентом платежей производится посредствам WEB – приложений, online- приложений, мобильных приложений (приложений для мобильных устройств), программного обеспечения терминалов самообслуживания, виджетов и прочих приложений - обеспечивающих возможность инициации Клиентом в электронной форме распоряжений на списание денег с банковской карты Клиента, с их зачислением в пользу Банка с целью последующего исполнения поручения/распоряжения Клиента полученного Платежной организацией от Клиента и переданного Платежной организацией в Банк.
3) Төлем қызметін көрсету кезінде Төлем ұйымы мынадай әрекеттер алгоритмін қамтамасыз етеді:	3) При оказании платежной услуги Платежная организация обеспечивает следующий алгоритм действий:
• Клиент Интернет желісі, мобильді телефон, өзіне-өзі қызмет көрсету терминалы арқылы Төлем ұйымының тиісті қосымшасына кіреді;	• Клиент посредствам сети интернет, мобильного телефона, терминала самообслуживания заходит в соответствующее приложение Платежной организации;
• Клиент Төлем ұйымының тиісті қызметті көрсету тарифімен/комиссия мөлшерімен танысады;	• Клиент знакомится с тарифом/размером комиссии за предоставление Платежной организации соответствующей услуги;

Қазақша	Русский
• Клиент төлем қызметін көрсету талаптарымен танысады және Интернет желісінде/қосымшада, өзіне-өзі қызмет көрсету терминалында және т.б. орналастырылған Мерчанттың оферта шартының талаптарымен келіседі;	• Клиент знакомится с условиями предоставления платежной услуги и соглашается с условиями договора – оферты Мерчанта, размещенными в сети интернет/приложении, терминале самообслуживания и т.д.;
• Клиент қосымшада Мерчанттың пайдасына төлемге бастамашылық жасайды;	• Клиент в приложении инициирует платеж в пользу Мерчанта;
• Клиент электрондық қосымшаға Банктің төлемді орындауына арналған деректемелерді енгізеді;	• Клиент вводит в электронное приложение реквизиты для исполнения платежа Банком;
• Төлем жасау үшін Клиент банк картасының деректемелерін енгізеді;	• Для оплаты платежа Клиент вводит реквизиты банковской карты;
• Төлем ұйымы Банкке сұрау салу арқылы Клиенттің электрондық нысанда алынған өкімін орындауға бастамашылық жасайды;	• Платежная организация посредством запроса в Банк инициирует распоряжение Клиента, полученного в электронной форме;
• Банк Төлем ұйымы мен Клиенттен растау алғаннан кейін Клиенттің төлем карточкасынан ақшаны есептен шығарады және Төлем ұйымының комиссиялық сыйақысын ескере отырып, Клиенттің тапсырмасында көрсетілген Төлем сомасын Мерчанттың пайдасына аударады;	• Банк получив подтверждение от Платежной организации и Клиента производит списание денежных средств с платежной карточки Клиента и осуществляет перевод суммы Платежа указанной в поручении Клиента в пользу Мерчанта с учетом комиссионного вознаграждения Платежной организации;
• Төлем ұйымы Банктен операцияның орындалғаны туралы растау алады;	• Платежная организация получает от Банка подтверждение исполнения операции;
• Төлем ұйымы Клиентке оның операция жасағанын және одан Төлем ұйымының комиссиясы есептен шығарылғанын растайтын электрондық түбіртек береді (егер комиссия Клиенттен ұсталса).	• Платежная организация выдает Клиенту электронную квитанцию, подтверждающую совершение Клиентом операции и списание с Клиента комиссии Платежной организации (в случае, если комиссия удерживается с Клиента).

Қазақша	Русский
Төлем ұйымы Клиенттердің төлем операцияларына қызмет көрсеткен кездегі ақша және ақпараттық ағындар схемасы, Есеп айырысу банкі, Банк (Эквайер банк), Төлем ұйымы және Мерчант арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі.	**Схема денежных, информационных потоков при обслуживании Платежной организацией платежных операций Клиентов, порядок взаимодействия между Расчетным банком, Банком (Банк-эквайер) и Платежной организацией и Мерчантом.**
	
Төлем қызметін көрсету мерзімі – Төлем қабылданған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде.	Сроки оказания платежной услуги - в течение 1 (одного) рабочего дня, следующего за днем приема Платежа.
4-тарау. ЖҮЙЕГЕ ҚАТЫСУШЫЛАР ЖӘНЕ ҚАТЫСУ ТАЛАПТАРЫ	**Глава 4. УЧАСТНИКИ СИСТЕМЫ И УСЛОВИЯ УЧАСТИЯ**
4.1. Оператор – жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңда белгіленген, осы қызметке қатысты міндеттерді орындайтын заңды тұлға, жүйеге қатысушы.	4.1. Оператор - участник системы, юридическое лицо, осуществляющее деятельность по обеспечению функционирования системы и выполняющее установленные Законом «О платежах и Платежных системах» обязанности, относящиеся к такой деятельности.
Оператор жүйенің жұмыс істеу тәртібін/қағидаларын, басқа тұлғалардың жүйеге қатысу тәртібін айқындайды, қызметтерді жеткізушілермен (ақша алушылармен/бенефициарлармен) шарттар жасасады, жүйеге қатысушылардан төлемдерді жинауды және өңдеуді, кейіннен оларды тиісті төлемдердің алушыларының/бенефициарларының пайдасына аударуды жүзеге асырады. Оператор жүйеге қатысушылармен дербес және өз атынан шарттар жасасады, олардың жүйеде жұмыс істеу тәртібін айқындайды.	Оператор определяет порядок/ правила функционирования системы, порядок участия в системе других лиц, заключает договора с поставщиками услуг (получателями денег/ бенефициарами), осуществляет сбор и обработку платежей от участников системы с последующим перечислением данных платежей в пользу соответствующих получателей/ бенефициаров соответствующих платежей. Оператор самостоятельно и от своего имени заключает договора с участниками системы, определяет порядок их работы в системе.

Қазақша	Русский
Жүйе операторы:	Оператор системы:
1) жүйенің қағидаларын белгілейді және жүйеге қатысушылардың оларды сақтауын бақылайды;	1) устанавливает правила системы и осуществляет контроль за их соблюдением участниками системы;
2) жүйеге қатысушылардың төлем және ақпараттық хабарламаларын өңдеуді және беруді (қатысушыларға), нұсқауларды жеке орындауды немесе клирингті жүзеге асырады;	2) осуществляет обработку и выдачу платежных и информационных сообщений участников (участникам) системы, индивидуальное исполнение указаний или клиринг;
3) жүйеге қатысушылармен жүйеге қатысу туралы шарттар жасасады;	3) заключает договора с участниками системы об участии в системе;
4) тәуекелдерді басқару жүйесін айқындайды;	4) определяет систему управления рисками;
5) жүйе инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;	5) обеспечивает функционирование инфраструктуры системы;
6) ақпараттық қауіпсіздік шараларының сақталуын және қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етеді;	6) обеспечивает соблюдение мер информационной безопасности и непрерывности деятельности;
7) жүйеге қатысушылардың өзі көрсететін қызметтерге тең және ашық қол жеткізуін қамтамасыз етеді;	7) обеспечивает равный и открытый доступ участников системы к оказываемым им услугам;
8) жүйе операторының қызметін басқару жөніндегі ішкі құжаттарды бекітеді;	8) утверждает внутренние документы по управлению деятельностью оператора системы;
9) жүйеге қатысушылармен жасалған шарттар негізінде өзге де міндеттерді орындайды.	9) выполняет иные обязанности на основании договоров, заключенных с участниками системы.
4.2. Агент – банкпен немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен не төлем ұйымымен төлем қызметтерін көрсету жөніндегі агенттік шарт жасасқан дара кәсіпкер/заңды тұлға.	4.2. Агент – индивидуальный предприниматель/ юридическое лицо, заключившее с банком или организацией, осуществляющей отдельные виды банковских операций, или платежной организацией агентский договор по оказанию платежных услуг.
Агент Оператордың атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ете отырып, Жүйе арқылы Клиенттерден төлемдер қабылдауға бағытталған заңдық және өзге әрекеттерді жасайды, сондай-ақ Клиенттердің Төлемдерін қабылдау кезінде Клиенттер мен Жүйе арасындағы ақпараттық және технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді. Агент Төлемдерді қабылдау пункттерін өз қалауы бойынша ұйымдастырады және төлемдерді қабылдау пункттері санының ұлғайғаны не азайғаны туралы Операторды міндетті түрде хабардар етеді.	Агент, действуя от имени и по поручению Оператора совершает через Систему юридические и иные действия, направленные прием платежей от Клиентов, а также на обеспечивает информационное и технологическое взаимодействие между Клиентами и Системой при приеме Платежей Клиентов. Организация пунктов приема Платежей осуществляется Агентом по собственному усмотрению, с обязательным извещением Оператора о расширении либо уменьшении количества пунктов приема платежей.
Операторды Агент аумағының кеңеюі не қысқаруы туралы хабардар ету тиісті хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады.	Извещение Оператора о расширении либо уменьшении территории Агента производится посредствам направления соответствующего уведомления.

Қазақша	Русский
Қосалқы агент – төлем агентімен төлем қызметтерін көрсету жөніндегі агенттік шарт жасасқан заңды тұлға немесе дара кәсіпкер.	Субагент - юридическое лицо или индивидуальный предприниматель, заключившие с платежным агентом агентский договор по оказанию платежных услуг.
Оператор мен Агент қосалқы агенттердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын, сондай-ақ осы Қағидаларды орындауын бақылауға міндетті.	Оператор и Агент обязаны осуществлять контроль за соблюдением субагентами требований законодательства Республики Казахстан, а также исполнением субагентами настоящих Правил.
Жеткізуші/Мерчант (төлем бенефициары) – пайдасына төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер, тұлғалар.	Поставщик/ Мерчант (бенефициар платежа) – юридические лица, индивидуальные предприниматели, лица, в пользу которых осуществляются платеж и (или) перевод денег.
Клиент – Оператор жүйесі арқылы төлемдер жасайтын жеке тұлға/заңды тұлға (өкіл).	Клиент - физическое лицо/ юридическое лицо (представитель), оплачивающее платежи через систему Оператора.
5-тарау. ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚША ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР	**Глава 5. УЧАСТНИКИ СИСТЕМЫ ЭЛЕКТРОННЫХ ДЕНЕГ**
5.1. Оператор – электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеуін, оның ішінде электрондық ақшаны пайдалану арқылы операциялар жасалған кезде қалыптасатын ақпаратты жинауды, өңдеуді және беруді қамтамасыз ететін электрондық ақша жүйесіне қатысушы.	5.1. Оператор - участник системы электронных денег, обеспечивающий функционирование системы электронных денег, включая осуществление сбора, обработки и передачи информации, формируемой при осуществлении операций с использованием электронных денег.
Оператордың электрондық әмияны бар, ондағы электрондық ақшамен операциялар электрондық ақша иелерінен (жеке тұлғалардан) сыйақы алумен және оны өтеуге ұсынумен шектеледі. Оператор бір мезгілде электрондық ақша жүйесінің Агенті және Жеткізушісі болатын жағдайлар бұған кірмейді: мұндай жағдайда Оператордың электрондық әмияны осы Қағидаларда Оператор әмияндарына да, Агент пен Жеткізуші әмияндарына да көзделген операцияларды жасауға мүмкіндік береді.	Оператор имеет электронный кошелек, операции с электронными деньгами, в котором, ограничены получением вознаграждений от владельцев электронных денег (физических лиц) и предъявлением их к погашению, за исключением случаев, когда Оператор одновременно является Агентом и Поставщиком системы электронных денег, в таком случае электронный кошелек Оператора позволяет совершать операции, предусмотренные настоящими Правилами, как для кошельков Оператора, таки для кошельков Агента и Поставщика.
Бұдан басқа, Оператордың электрондық әмияны ЭАЖ-ның жұмысқа қабілеттілігін сақтау үшін қажетті әкімшілік функциялармен және есептілік бөлімімен жабдықталған, олардың көмегімен Оператор жүйенің жай-күйін бақылайды және оны басқарады. Сондай-ақ Оператор ЭАЖ-ның жаңа қатысушыларын – Эмитентті, Агентті, Жеткізушіні және электрондық ақша иелері болып табылатын жеке тұлғаларды тіркеу функцияларын жүзеге асырады.	Дополнительно электронный кошелек Оператора оснащен административными функциями, необходимыми для поддержания работоспособности СЭД и отчетной частью благодаря которым Оператор производит контроль состояния системы и производит управление ей. Так же Оператор осуществляет функции регистрации новых участников СЭД - Эмитента, Агента, Поставщика и владельцев электронных денег – физических лиц.
Эмитенттер – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес электрондық ақша жүйесінде электрондық ақшаны шығаратын және өтейтін екінші деңгейдегі банктер;	Эмитенты - банки второго уровня, осуществляющие выпуск и погашение электронных денег в системе электронных денег в соответствии с требованиями нормативных правовых актов Национального Банка Республики Казахстан;

Қазақша	Русский
Эмитенттердің электрондық әмияндары бар, олар бойынша операциялар электрондық ақшаны шығарумен (эмиссиялаумен), электрондық ақшаны жүйеден шығарумен (өтеумен) және ЭАЖ қатысушыларынан комиссия алумен шектеледі. Бұдан басқа, Эмитенттің электрондық әмияны ЭАЖ-дағы электрондық ақшаның жай-күйі мен қозғалысын бақылауды қамтамасыз ететін есептерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.	Эмитенты имеют электронные кошельки, операции, по которым ограничены выпуском (эмиссией) электронных денег, выводом электронных денег из системы (погашение) и получением комиссий с участников СЭД. Дополнительно электронный кошелек Эмитента предоставляет возможность формирования отчетов, обеспечивающих контроль над состоянием и движением электронных денег в СЭД.
Агенттер – Жүйеде Эмитенттердің агенттері ретінде тіркелген заңды тұлғалар және/немесе дара кәсіпкерлер.	Агенты - юридические лица и/ или индивидуальные предприниматели, зарегистрированные в Системе в качестве агентов Эмитентов.
Агенттердің электрондық әмияндары бар, олар бойынша операциялар жеке тұлғалардан электрондық ақша сатып алу және жеке тұлғаларға сату операцияларымен шектеледі. Бұдан басқа, Агенттің ЭАЖ-сы әртүрлі есептілік нысандарында Агент әмияны бойынша электрондық ақша қозғалысын бақылауға мүмкіндік береді.	Агенты имеют электронные кошельки, операции, по которым ограничены операциями покупки и продажи электронных денег от физических лиц и физическим лицам. Дополнительно СЭД Агента позволяет контролировать движение электронных денег по кошельку Агента в различных отчетных формах.
Қосалқы агенттер – төлем агентімен төлем қызметтерін көрсету жөніндегі агенттік шарт жасасқан заңды тұлғалар және/немесе дара кәсіпкерлер.	Субагенты - юридические лица и/ или индивидуальные предприниматели, заключившие с платежным агентом агентский договор по оказанию платежных услуг.
9.2. Басқа әмиянға (басқа клиентке) электрондық ақша аудару үшін ақша аударымына арналған нысанда көрсетілген, Оператор сұрататын деректерді ұсына отырып, Операторға Нұсқау жіберу қажет.	9.2. Для осуществления перевода электронных денег на другой кошелек (другому клиенту) необходимо направить Указание Оператору с предоставлением запрашиваемых Оператором данных, указанных в форме для денежного перевода.
9.3. Аударымның ең төменгі және ең жоғары сомаларын Оператор Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және осы Қағидалар шеңберінде шектейді.	9.3. Размеры минимальной и максимальной суммы перевода ограничиваются Оператором в рамках действующего законодательства Республики Казахстан и настоящих Правил.
9.4. Операторда немесе Эмитентте мұндай аударымның заңдылығына күмән туған жағдайда, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік орган ұсынған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты тұлғалардың тізбесінде операция қатысушылары туралы мәліметтер болған жағдайда, Оператор алушы клиенттің Электрондық ақшаны алуын тоқтата тұруға құқылы.	9.4. В случае, если у Оператора или Эмитента возникли сомнения в правомерности такого перевода, а также в случае, наличия сведений об участниках операции в перечне лиц, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, предоставленного уполномоченным государственным органом, Оператор вправе приостановить получение Электронных денег клиентом-получателем.
9.5. Электрондық ақша аударымы Оператор жіберуші Клиенттен Операциялық тапсырманы қабылдағаннан кейін дереу жүзеге асырылады.	9.5. Перевод Электронных денег осуществляется незамедлительно после принятия Оператором Операционного поручения от Клиента отправителя.
9.6. Оператор клиенттен Электрондық ақша аудару туралы тапсырманы алғаннан кейін операция кері қайтарылмайтын және түпкілікті болады.	9.6. После получения Оператором поручения от клиента на перевод Электронных денег - операция становится безотзывной и окончательной.
9.7. Жүйе Клиенттің Электрондық ақша аудару туралы тапсырмасын орындағаннан кейін оған осы тапсырманың орындалғаны туралы растауды дереу жібереді.	9.7. Система незамедлительно после исполнения поручения Клиента об осуществлении перевода Электронных денег направляет ему подтверждение об исполнении указанного поручения.

Қазақша	Русский
10-тарау. ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚШАНЫ ӨТЕУ	**Глава 10. ПОГАШЕНИЕ ЭЛЕКТРОННЫХ ДЕНЕГ**
10.1. ЭАЖ қатысушысы/Электрондық ақша иесі кез келген уақытта ЭАЖ-дағы өзінің электрондық әмияны арқылы тиісті өтінім жіберіп, тиісті әмияндағы электрондық ақшаны өтеуді талап етуге құқылы.	10.1. Участник СЭД/ Владелец электронных денег вправе в любой момент посредствам направления соответствующей заявки через своей электронный кошелек в СЭД потребовать погашения электронных денег, находящихся в соответствующем кошельке.
10.2. ЭАЖ электрондық ақшаны өтеу талабы қойылатын Эмитенттің атауын автоматты түрде анықтайды. Бұл ретте Эмитентке өтеуге тиісті өтеу сұрауы жіберілген сәтте осы ЭАЖ шеңберінде айналыста жүрген осы Эмитенттің Электрондық ақша сомасына сәйкес келетін Электрондық ақша сомасы ұсынылуы мүмкін.	10.2. СЭД в автоматическом режиме определяет наименование Эмитента, к которому предъявляется требование о погашении электронных денег, при этом Эмитенту к погашению может быть предъявлена сумма Электронных денег, соответствующая сумме Электронных денег данного Эмитента, находящихся в обороте в рамках данной СЭД в момент направления соответствующего запроса на погашение.
10.3. Электрондық ақша иесі Эмитентке жүгінген жағдайда Эмитент иесінің алғашқы өтініші бойынша Электрондық ақшаны өтейді.	10.3. Эмитент, в случае обращения к нему владельца электронных денег осуществляет по первому обращению владельца погашение Электронных денег.
10.4. Егер тиісті клиент өтеуге ұсынылатын электрондық ақшаның азырақ сомасын көрсетпесе, электрондық ақшаны өтеу ЭАЖ Операторы белгілеген тәртіппен электрондық ақша иесінен өтеу туралы талап түскен сәттегі иесінің электрондық әмиянындағы электрондық ақша қалдығы шегінде жүзеге асырылады.	10.4. Погашение электронных денег производится в пределах остатка электронных денег в электронном кошельке владельца на момент поступления от владельца электронных денег требования о погашении в порядке, установленном Оператором СЭД, если соответствующим клиентом не указана меньшая сумма электронных денег предъявляемая к гашению.
10.5. Электрондық ақшаны өтеу үшін клиент/иесі — жеке тұлға өтеу сомасын міндетті түрде көрсетіп, өзінің электрондық әмиянынан тиісті сұрау жібереді және электрондық ақшаны өтеу тәсілін таңдайды. Сұрау нысанын немесе оның қажетті деректемелерін Оператор белгілейді.	10.5. Для погашения электронных денег клиент/ владелец - физическое лицо высылает соответствующий запрос со своего электронного кошелька с обязательным указанием суммы к погашению и выбирает способ погашения электронных денег. Форма запроса либо его необходимые реквизиты устанавливаются Оператором.
10.6. Эмитент электрондық ақшаны мынадай тәсілдермен өтейді:	**10.6. Погашение Эмитентом электронных денег осуществляется следующими способами:**
• ақша алушының банктік шотына ақша аудару арқылы. Өтінімде банктік шоттың деректемелерін толтыру қажет;	• путем перевода денег на банковский счет получателя денег. В заявке необходимо заполнить реквизиты банковского счета;

Қазақша	Русский
• алушыға қолма-қол ақша беру арқылы. Өтінімде ақша алушының дербес деректерін және жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелерін көрсету қажет. Ақша алушының жеке куәлігінің түпнұсқасы мен иесі тиісті өтеу сұрауында енгізген деректер салыстырылғаннан кейін ғана ақша беріледі. Электрондық ақшаны осы тәсілмен өтеу кезінде эмитент банк клиентті сәйкестендіреді. Сәйкестендіру тәртібін Эмитент айқындайды.	• путем выдачи получателю наличных денег. В заявке необходимо указать персональные данные получателя денег и реквизиты документа, удостоверяющего его личность. Выдача денег производится только после сверки оригинала удостоверения личности получателя денег и данных, внесенных владельцем в соответствующем запросе на погашение. При осуществлении погашения электронных денег данным способом, банк эмитент производит идентификацию клиента. Порядок идентификации определяется Эмитентом.
10.7. Иесінен электрондық ақшаны өтеу туралы сұрау алынған кезде Электрондық ақша жүйесі өтеуге ұсынылған электрондық ақша сомасын автоматты түрде бұғаттап, сұрауға бірегей код (нөмір) береді, содан кейін осы кодты тиісті өзара есеп айырысуды жүргізу үшін Эмитентке жібереді.	10.7. При получении от владельца запроса о погашении электронных денег Система Электронных денег в автоматическом режиме блокирует сумму электронных денег, предъявленных к погашению, и присваивает запросу уникальный код (номер), после чего отправляет данный код Эмитенту для проведения соответствующих взаиморасчетов.
10. 8. Сұраудың бірегей коды клиенттің электрондық әмиянына не SMS-хабарлама арқылы оның ұялы телефонына немесе электрондық пошта мекенжайына да жіберіледі.	10. 8. Уникальный код запроса так же отправляется клиенту в его электронный кошелек, либо посредствам SMS - сообщения на его мобильный телефон или адрес электронной почты.
10.9. Эмитент электрондық ақшаны оның иесі — жеке тұлғаның банктік шотын пайдаланбай, мынадай іс-қимыл тәртібі орындалған кезде өтейді:	**10.9. Эмитент осуществляет погашение электронных денег без использования банковского счета их владельца-физического лица при выполнении им следующего порядка действий:**
1) жеке тұлға Эмитентке жеке басын куәландыратын құжатты, ЭАЖ-дағы сұрау нөмірін және Оператордан (ЭАЖ-дан) алынған бірегей кодты ұсынады;	1) физическое лицо предоставляет Эмитенту документ, удостоверяющий личность, номер запроса в СЭД и уникальный код, полученные от Оператора (из СЭД);
2) Эмитент клиент сұрауының бірегей кодын ЭАЖ-ға жіберіп, ЭАЖ-дан жауап ретінде бірегей кодтың расталуын, ақша алушының дербес деректері және өтеуге мәлімделген электрондық ақша сомасы туралы ақпаратты алады.	2) Эмитент, направив в СЭД уникальный код запроса клиента, получает в ответ от СЭД подтверждение уникального кода и информацию о персональных данных получателя денег, и сумме электронных денег, заявленных к погашению.
3) Эмитент ЭАЖ-дан алынған жеке басты куәландыратын құжат деректерін ақша алушы ұсынған құжатпен салыстырады. Деректер сәйкес келген кезде Эмитент осы өтінім бойынша электрондық ақшаны өтеу туралы тиісті пішімдегі электрондық хабарламаны ЭАЖ-ға жібереді және клиентпен өзара есеп айырысады.	3) Эмитент осуществляет сверку полученных от СЭД данных документа, удостоверяющего личность, с документом, предъявленным получателем денег. При совпадении данных, Эмитент отправляет в СЭД электронное сообщение соответствующего формата о погашении электронных денег по данной заявке и осуществляет взаиморасчет с клиентом.
10.10. ЭАЖ-ның өзге қатысушылары (Агенттер, Жеткізушілер, Оператор) үшін электрондық ақшаны өтеу тәртібі тиісті қатысушылар мен Эмитент/Оператор арасында жасалған шарттарға сәйкес айқындалады.	10.10. Порядок гашения электронных денег для иных участников СЭД (Агенты, Поставщики, Оператор) определяется в соответствии с заключенными между соответствующими участниками и Эмитентом/ Оператором договорами.

Қазақша	Русский
11-тарау. АГЕНТТЕРДІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚШАНЫ САТУЫ ЖӘНЕ ӨТКІЗУІ	**Глава 11. ПРОДАЖА И РЕАЛИЗАЦИЯ ЭЛЕКТРОННЫХ ДЕНЕГ АГЕНТАМИ**
11.1. Электрондық әмияннан Электрондық ақшаны өткізу үшін клиент — жеке тұлға Агентте және ЭАЖ-да осы операцияға бастама жасауы қажет.	11.1. Для осуществления реализации Электронных денег из электронного кошелька, клиенту – физическому лицу необходимо инициировать данную операцию у Агента и в СЭД.
11.2. Электрондық ақшаны өткізудің ең төменгі және ең жоғары сомаларын, сондай-ақ комиссия мөлшерлерін Оператор Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, осы Қағидалар шеңберінде белгілейді және осы операцияны бастау мен растау барысында клиенттің назарына жеткізеді.	11.2. Размеры минимальной и максимальной суммы реализации Электронных денег, а также размеры комиссии, устанавливаются Оператором в рамках действующего законодательства Республики Казахстан, настоящих Правил и доводятся до сведения клиента в процессе инициации и подтверждения данной операции.
11.3. Клиент Электрондық ақшаны өткізу операциясына бастама жасаған сәттен бастап Оператор мен Агент ешбір жағдайда үшінші тұлғалардың мұндай деректерді рұқсатсыз пайдаланғаны үшін жауап бермейді.	11.3. С момента инициации клиентом операции по реализации Электронных денег Оператор и Агент ни при каких обстоятельствах не несут ответственность за несанкционированное использование со стороны третьих лиц таких данных.
11.4. Клиенттің электрондық әмиянынан Электрондық ақшаны есептен шығару және оны Агенттің электрондық әмиянына есепке жатқызу Оператор Клиенттің тапсырмасын қабылдап, Агент Операцияны растағаннан кейін дереу жүзеге асырылады.	11.4. Списание Электронных денег с электронного кошелька клиента и их зачисление на электронный кошелек Агента осуществляется незамедлительно после принятия Оператором поручения от Клиента и подтверждения Операции Агентом.
11.5. Оператор клиенттің тапсырмасын алғаннан және Агент оны растағаннан кейін операция кері қайтарылмайтын және түпкілікті болады.	11.5. После получения Оператором поручения от клиента и ее подтверждения Агентом - операция становится безотзывной и окончательной.
11.6. Клиенттен электрондық ақша сатып алғаны үшін Агент комиссиясының мөлшерін Агент дербес айқындайды, ол операцияға бастама жасау барысында Клиенттің назарына жеткізіледі және осы Қағидалардың 11-бабында белгіленген ең жоғары мөлшерлерден аспауға тиіс.	11.6. Размер комиссии Агента за покупку электронных денег у Клиента определяется Агентом самостоятельно, доводится до сведения Клиента в процессе инициации совершения операции и не может превышать максимальных размеров, установленных статьей 11 настоящих Правил.
11.7. Агентке өткізілген электрондық ақшаның құнын клиентке төлеу тәртібін Агент дербес айқындайды; төлем қолма-қол ақша беру арқылы да, тиісті соманы клиенттің банктік шотына аудару арқылы да жүргізілуі мүмкін.	11.7. Порядок выплаты клиенту стоимости реализованных Агенту электронных денег определяется Агентом самостоятельно и может быть произведена как путем выдачи наличных денег, так и путем перечисления соответствующей суммы на банковский счет клиента.
12-тарау. ТӨЛЕМ ҰЙЫМЫ КӨРСЕТЕТІН ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ҚҰНЫ (ТАРИФТЕРІ)	**Глава 12. СТОИМОСТЬ ПЛАТЕЖНЫХ УСЛУГ (ТАРИФЫ), ОКАЗЫВАЕМЫХ ПЛАТЕЖНОЙ ОРГАНИЗАЦИЕЙ**
12. «Qamqor Pay» ЖШС төлем ұйымының төлем қызметтері бойынша тарифтері:	12. Тарифы платежной организации ТОО «Qamqor Pay» по платежным услугам:

Қазақша	Русский
12.1. Клиент электрондық нысанда бастама жасаған төлемдерді өңдеу және осы төлемдер бойынша төлемді және (немесе) аударымды жүзеге асыру не ақшаны қабылдау үшін банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға қажетті ақпаратты беру қызметтері:	12.1. Услуги по обработке платежей, инициированных клиентом в электронной форме, и передаче необходимой информации банку, организации, осуществляющей отдельные виды банковских операций, для осуществления платежа и (или) перевода либо принятия денег по данным платежам:
Санат атауы — Клиенттен алынатын комиссия	**Наименование категории — Комиссия, взимаемая с клиента**
Ойын сервистері — операция сомасының 0%-ынан 10%-ына дейін	Игровые сервисы — от 0 % до 10% от суммы операции
Букмекерлер — операция сомасының 0%-ынан 10%-ына дейін	Букмекеры — от 0 % до 10% от суммы операции
Әлеуметтік желілер — операция сомасының 0%-ынан 10%-ына дейін	Социальные сети — от 0 % до 10% от суммы операции
Ұялы байланыс — операция сомасының 0%-ынан 10%-ына дейін	Сотовая связь — от 0 % до 10% от суммы операции
Сыйлық карталары — операция сомасының 0%-ынан 10%-ына дейін	Подарочные карты — от 0 % до 10% от суммы операции
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық — операция сомасының 0%-ынан 10%-ына дейін	ЖКХ — от 0 % до 10% от суммы операции
MLM — операция сомасының 0%-ынан 10%-ына дейін	MLM — от 0 % до 10% от суммы операции
Телефония — операция сомасының 0%-ынан 10%-ына дейін	Телефония — от 0 % до 10% от суммы операции
Хостинг — операция сомасының 0%-ынан 10%-ына дейін	Хостинг — от 0 % до 10% от суммы операции
Қайырымдылық — Алынбайды	Благотворительность — Не взимается
Жарнама — операция сомасының 0%-ынан 10%-ына дейін	Реклама — от 0 % до 10% от суммы операции
Сақтандыру — операция сомасының 0%-ынан 10%-ына дейін	Страхование — от 0 % до 10% от суммы операции
Интернет-дүкендер — операция сомасының 0%-ынан 10%-ына дейін	Интернет-магазины — от 0 % до 10% от суммы операции
Билеттер (әуе, теміржол) — операция сомасының 0%-ынан 10%-ына дейін	Билеты (авиа, Ж/Д) — от 0 % до 10% от суммы операции
Микроқаржы ұйымдары — операция сомасының 0%-ынан 10%-ына дейін	МФО — от 0 % до 10% от суммы операции
Өзге қызметтер — операция сомасының 0%-ынан 10%-ына дейін	Прочие услуги — от 0 % до 10% от суммы операции
• Клиенттен алынатын қосымша төлемнің (жол берілетін қосымша комиссияның) құны «Qamqor Pay» ЖШС мен Мерчанттар және Клиенттерге қызмет көрсететін өзге тұлғалар арасында жасалған шарттарда көрсетілген талаптарға сәйкес белгіленеді.	• Стоимость дополнительной платы (допустимой дополнительной комиссии) взимаемой с Клиента устанавливается в соответствии с договорными условиями, указанными в договорах, заключенных между ТОО «Qamqor Pay» и Мерчантами и иными лицами, предоставляющими услуги Клиентам.

Қазақша	Русский
• Клиенттен алынатын қосымша комиссия бойынша баға саясатын Төлем ұйымы шарттарда көрсетілген жол берілетін мәндер шегінде дербес белгілейді.	• Ценовая политика по взимаемой дополнительной комиссии с Клиента устанавливается Платежной организацией самостоятельно в рамках допустимых значений, указываемых в договорах.
• Мерчанттан алынатын комиссия бойынша баға саясатын Төлем ұйымы Мерчанттармен жасалған шарттар шеңберінде жеке белгілейді.	• Ценовая политика по взимаемой комиссии с Мерчанта устанавливается Платежной рганизацией индивидуально в рамках заключенных договоров с Мерчантами.
• Комиссиялық сыйақы мөлшері өзгерген жағдайда жаңа тарифтер, сондай-ақ оларды қолданысқа енгізу мерзімдері туралы ақпарат жасалған шарттарда көзделген тәртіппен Мерчанттардың назарына жеткізіледі.	• В случае изменения размера комиссионного вознаграждения, информация о новых тарифах, а также информация о сроках введения их в действие доводится до сведения Мерчантов в порядке, предусмотренном в заключенных договорах.
• Жоғарыда келтірілген сервистер тізбесі толық емес және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Мерчанттармен жаңа шарттар жасалуына қарай толықтырылуы мүмкін.	• Приведенный выше список сервисов не является исчерпывающим и может дополняться по мере заключения новых договоров с Мерчантами в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
12.2. «KOINA» ЭАЖ Операторының комиссиялары:	**12.2. Комиссии Оператора СЭД «KOINA»:**
12.2.1. ЭАЖ Операторының қызметтері ақылы болып табылады.	12.2.1. Услуги Оператора СЭД являются возмездными.
12.2.2. Клиентке электрондық ақшаны пайдаланып төлем қызметтерін көрсеткені үшін Оператор қызметтерінің ақысы Оператордың тиісті операцияға бастама жасаған электрондық ақша иесі — жеке тұлғаның электрондық әмиянынан электрондық ақшамен комиссия сомасын ұстап қалуы арқылы төленеді.	12.2.2. Оплата услуг Оператора за оказание клиенту платежных услуг, с использованием электронных денег производится путем удержания Оператором суммы комиссии в электронных деньгах с электронного кошелька владельца электронных денег – физического лица инициирующего соответствующую операцию.
Клиентке электрондық ақшаны пайдаланбай көрсетілетін төлем қызметтері (электрондық ақшаны сату, ақша жіберушінің банктік шотын ашпай төлем жасау үшін қолма-қол ақша қабылдау) үшін Оператор қызметтерінің ақысы Оператордың қолма-қол ақшамен комиссия алуы арқылы төленеді.	Оплата услуг Оператора за оказание клиенту платежных услуг, совершаемых без использования электронных денег (продажа электронных денег, прием наличных денег для осуществления платежа без открытия банковского счета отправителя денег), производится путем взимания Оператором комиссии наличными деньгами.
Бенефициар/бенефициардың төлем қызметтерін берушісі арасында клиент жасайтын төлем/аударым сомасынан комиссияны ұстап қалу көзделген жағдайларды қоспағанда, комиссия клиенттің төлем/аударым сомасынан тыс ұсталады/алынады.	Удержание/ взимание комиссии производится сверх суммы платежа/ перевода клиента, за исключением случаев, когда между бенефициаром/ поставщиком платежных услуг бенефициара предусмотрено удержании комиссии из суммы платежа/ перевода, совершаемого клиентом.
Оператор алатын/ұстайтын комиссиялардың ең төменгі және ең жоғары мөлшерлері осы Қағидалардың 12.2.3-тармағында (Тарифтік жоспар) бекітілген және Оператор мен «KOINA» ЭАЖ электрондық сайтында орналастырылады;	Минимальные и максимальные размеры комиссий, взимаемых/ удерживаемых Оператором утверждены в п. 12.2.3. (Тарифный план) настоящих правил и размещается на электронном сайте Оператора и СЭД «KOINA»;

Қазақша	Русский
12.2.3. Көрсетілетін төлем қызметі бойынша операция сомасына байланысты тарифтік жоспар:	12.2.3. Тарифный план, в зависимости от суммы операции по оказываемой платежной услуге:
Төлем сомасы — Комиссияның ең жоғары мөлшері	**Сумма платежа — Максимальный размер комиссии**
0 теңгеден 1000 теңгеге дейін — 50%	от 0 тенге до 1000 тенге — 50%
1001 теңгеден 5000 теңгеге дейін — 30%	от 1001 тенге до 5000 тенге — 30%
5001 теңгеден бастап және одан жоғары — 20%	от 5001 тенге и выше — 20%
Ескертпе. Клиент бастама жасаған тиісті төлем бойынша комиссияның ақшалай түрдегі түпкілікті мөлшері Клиент тиісті операцияны растағанға дейін оның назарына жеткізіледі.	Примечание. Окончательный размер комиссии по соответствующему платежу, инициируемому клиентом в денежном выражении, доводится до сведения Клиента до момента подтверждения им соответствующей операции.
Оператор тарифтік жоспарда бекітілген комиссия мөлшерлерін клиент үшін жақсарту жағына біржақты тәртіппен, оның ішінде уақытша (жарнамалық акциялар, науқандар және т.б. өткізу) өзгертуге құқылы. Бұл ретте тарифтердің мұндай өзгеруі Тарифтік жоспарға өзгерістер енгізуді талап етпейді және клиентке жарнамалық хабарламалар/таратылымдарда және/немесе төлемді растау сәтінде жеткізіледі.	Оператор вправе в одностороннем порядке, в том числе временно (проведение рекламных акций, кампаний и т.д) изменять размеры комиссий, утвержденных в тарифном плане, в сторону их улучшения для клиента, при этом такое изменение тарифов не требует внесения изменений в Тарифный план и доводится до клиента в рекламных сообщениях/ рассылках и/или в момент подтверждения платежа.
Оператордың Тарифтік жоспарына өзгерістер мен толықтырулар Оператор оларды бекіткеннен кейін он бес жұмыс күні ішінде Оператордың интернет-ресурсында жариялануға тиіс.	Изменения и дополнения в Тарифный план Оператора подлежат опубликованию на интернет-ресурсе Оператора в течение пятнадцати рабочих дней после их утверждения Оператором.
Оператордың тарифтері басқа төлем қызметтерін берушілер алатын нарықтық комиссия мөлшерлеріне сәйкес келеді және қызметтер жеткізушілерімен (төлем бенефициарларымен) жасалған шарттарда белгіленетін комиссиялардың ең жоғары мөлшерлеріне қойылатын шектеулерден аспауға тиіс.	Тарифы Оператора соответствуют размерам рыночных комиссий, взимаемых другими поставщиками платежных услуг и не могут превышать ограничения по максимальным размерам комиссий, устанавливаемым в договорах с поставщиками услуг (бенефициарами платежей).
12.2.4. Оператор ЭАЖ-ның басқа қатысушыларынан (Жеткізушілерден, Агенттерден, Эмитенттерден) комиссия алуы мүмкін. Бұл ретте ЭАЖ-ның тиісті қатысушысы Оператор осы қатысушыға ұсынған шот негізінде Оператордың есеп айырысу/банктік шотына ақша аудару арқылы Оператор комиссиясын төлейді. Комиссияны төлеу мерзімдері мен мөлшерлерін тараптар Оператор мен Жүйенің басқа қатысушылары арасында жасалатын тиісті Шарттарда айқындайды.	12.2.4. Оператором может взиматься комиссия с других участников СЭД (Поставщиков, Агентов, Эмитентов), при этом оплата комиссии Оператора производится соответствующим участником СЭД на основании счета, выставляемого Оператором данному участнику СЭД путем перечисления денег на расчетный/ банковский счет Оператора. Сроки оплаты комиссии, ее размеры определяются сторонами в соответствующих Договорах, заключаемых между Оператором и другими участниками Системы.

Қазақша	Русский
Оператор мен Жүйенің басқа қатысушылары арасында жасалған шарттарда Оператордың жүйенің тиісті қатысушысына сыйақы төлеуі көзделуі мүмкін. Мұндай сыйақылардың мөлшерлері, сондай-ақ оларды есептеу және төлеу тәртібі Оператор мен қатысушылар арасында жасалатын тиісті шарттарда белгіленеді.	Договорами, заключенными между Оператором и другими участниками Системы, может предусмотрена выплата Оператором вознаграждения в адрес соответствующего участника системы, размеры таких вознаграждений, а равно порядок их исчисления и уплаты устанавливается соответствующими договорами, заключаемыми между Оператором и участниками.
12.3. Ақша жіберушінің банктік шотын ашпай төлем жасау үшін қолма-қол ақшаны қабылдау қызметтері:	**12.3. Услуги по приему наличных денег для осуществления платежа без открытия банковского счета отправителя денег:**
Комиссия мөлшері: 0	**Размер комиссии: 0**
Ескертпе. Ақша жіберушінің банктік шотын ашпай төлем жасау үшін қолма-қол ақшаны қабылдау қызметтері үшін Төлем ұйымы комиссия алмайды. Комиссияны тікелей Төлем агенттері, қосалқы агенттері (терминал иелері) алады және ол Жеткізушілермен жұмыс істеу талаптарымен айқындалады.	Примечание. Комиссия за услуги по приему наличных денег для осуществления платежа без открытия банковского счета отправителя денег, не взимается Платежной организацией. Комиссия взимается непосредственно Платежными агентами, субагентами (владельцами терминалов) и определяется условиями работы с Поставщиками.
13-тарау. ТӨЛЕМ ҰЙЫМЫ КӨРСЕТЕТІН ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ТӘРТІБІ	**Глава 13. ПОРЯДОК ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ С ТРЕТЬИМИ ЛИЦАМИ, ОБЕСПЕЧИВАЮЩИМИ ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПЛАТЕЖНЫХ УСЛУГ, ОКАЗЫВАЕМЫХ ПЛАТЕЖНОЙ ОРГАНИЗАЦИЕЙ**
13.1. Төлем ұйымы көрсететін төлем қызметтерін технологиялық қамтамасыз ететін үшінші тұлғалармен өзара іс-қимыл тәртібі үшінші тұлғалармен жасалған тиісті шарттармен, сондай-ақ осы Қағидалармен реттеледі.	13.1. Порядок взаимодействия с третьими лицами, обеспечивающими технологическое обеспечение платежных услуг, оказываемых Платежной организацией, регулируется соответствующими договорами, заключенными с третьими лицами, а также настоящими Правилами.
13.2. Төлем қызметтерін көрсету кезінде Төлем ұйымының үшінші тұлғалармен өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылуға тиіс.	13.2. Взаимодействие Платежной организации с третьими лицами при оказании платежных услуг подлежит осуществлению в строгом соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан.
13.3. Төлем ұйымы көрсететін төлем қызметтерін технологиялық қамтамасыз ететін үшінші тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау кезінде тиісті қауіпсіздік шаралары, оның ішінде өзара іс-қимылдың тиісті тарапына байланысты ақпараттық қауіпсіздікті, дербес деректердің және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті түрде қорғалуға тиіс өзге ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін шаралар қабылданады.	13.3. При взаимодействии с третьими лицами, обеспечивающими технологическое обеспечение платежных услуг, оказываемых Платежной организацией, принимаются надлежащие меры безопасности, в том числе позволяющие обеспечить зависящую от соответствующей стороны взаимодействия информационную безопасность, защищенность персональных данных и иной информации, подлежащей обязательной защите в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
13.4. Мақсаты: үшінші тараптар қол жеткізетін, өңдейтін, үшінші тараптарға берілетін немесе олар басқаратын құпия ақпараттың қорғалуын қолдау.	13.4. Цель: поддерживать защиту конфиденциальной информации, к которой имеют доступ третьи стороны, которая обрабатывается третьими сторонами, передаётся третьим сторонам или управляется третьими сторонами.

Қазақша	Русский
13.5. «Үшінші тарап» деп Төлем ұйымына қызмет көрсететін немесе Төлем ұйымының мүддесі үшін әрекет ететін заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер түсініледі;	13.5. Под «третьей стороной» понимаются юридические лица и индивидуальные предприниматели, которые предоставляют услуги Платежной организации или действуют в интересах Платежной организации;
13.6. Үшінші тараптың ақпараттық жүйелерін Төлем ұйымының жүйелеріне қосу жасалған шарт және құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісім негізінде жүргізіледі.	13.6. Подключение информационных систем третьей стороны к системам Платежной организации производятся на основании заключённого договора и соглашения о неразглашении конфиденциальной информации.
13.7. Құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісім үшінші тараптың ақпараттың құпиялылығын сақтау міндетін, сондай-ақ өзі қол жеткізетін құпия ақпаратты жария еткені үшін жауапкершілігін белгілейді.	13.7. Соглашение о неразглашении конфиденциальной информации устанавливает обязанность третьей стороны соблюдать конфиденциальность информации, а также ответственность за разглашение конфиденциальной информации, к которой она получает доступ.
13.8. Жасалатын шартта немесе құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісімде үшінші тараптың ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарын орындауы жөніндегі үлгілік ережелер ескерілуге тиіс. Талаптар кемінде мыналарды қамтуға тиіс:	13.8. Заключаемый договор или соглашение о неразглашении конфиденциальной информации должны учитывать типовые положения по исполнению третьей стороной требований по обеспечению информационной безопасности. Требования должны включать как минимум следующее:
• ақпараттық қауіпсіздіктің талап етілетін деңгейін қолдау үшін жауапкершілік пен міндеттемелер;	• ответственность и обязательства за поддержание требуемого уровня информационной безопасности;
• ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары және ақпаратты қорғау жүйесіндегі бұзушылықтар туралы хабарлау шаралары.	• мероприятия по уведомлению об инцидентах информационной безопасности и нарушениях в системе защиты информации.
13.9. Үшінші тараптардың жүйелері үшін Төлем ұйымымен өзара іс-қимылды құруға қажетті API және өзге техникалық ақпарат ашық болып табылады және оларға сұрау бойынша беріледі.	13.9. API и прочая техническая информация, необходимая для построения взаимодействия с Платежной организации для систем третьих сторон является открытой и предоставляется им по запросу.
13.10. Үшінші тарап қол жеткізетін құпия ақпараттың таралып кетуіне және жария етілуіне байланысты Төлем ұйымының тәуекелдерін азайту мақсатында IT бөлімінің қызметкерлері үшінші тараппен келісу бойынша оның қызмет көрсетуінің және ақпараттық қауіпсіздігінің тиісті деңгейін бақылайды. Бақылау мыналарды қамтуы мүмкін:	13.10. В целях минимизации рисков Платежной организации, связанных с утечкой и разглашением конфиденциальной информации, к которой осуществляется доступ третьей стороной, работниками отдела IT по согласованию с третьей стороной осуществляется контроль должного уровня обслуживания и уровня информационной безопасности третьей стороны. Контроль может включать:
• үшінші тарап ұсынатын жұмыстар (қызметтер) туралы есептерді талдау;	• анализ отчётов о работах (услугах), предоставляемых третьей стороной;
• жұмыс барысында туындайтын мәселелер мен проблемалар бойынша тұрақты кеңестер;	• регулярные совещания по вопросам и проблемам, возникающим в ходе работ;
• туындаған оқиғаларды тергеп-тексеру есептері мен нәтижелерін талдау;	• анализ отчётов и результатов расследования возникших инцидентов;
• ақпараттық қауіпсіздік сертификаттарының өзектілігі (қолданылатын болса).	• актуальность сертификатов по информационной безопасности (если применимо).

Қазақша	Русский
14-тарау. ТӨЛЕМ ҰЙЫМЫ ПАЙДАЛАНАТЫН ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	**Глава 14. СВЕДЕНИЯ О СИСТЕМЕ УПРАВЛЕНИЯ РИСКАМИ, ИСПОЛЬЗУЕМОЙ ПЛАТЕЖНОЙ ОРГАНИЗАЦИЕЙ**
14.1. Тәуекелдерді басқару жүйесі Төлем ұйымының қаржылық орнықтылығын және тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған және Төлем ұйымы қабылдаған ұйымдастыру, саясаттар, рәсімдер мен әдістер жүйесін білдіреді. Ол Төлем ұйымына туындайтын тәуекелдерді уақтылы анықтауға, өлшеуге, бақылауға, оларға мониторинг жүргізуге және төлем қызметтерін көрсету кезінде тәуекелдерді азайту шараларын әзірлеуге мүмкіндік береді.	14.1. Система управления рисками направлена на обеспечение финансовой устойчивости и стабильного функционирования Платежной организации, и представляет собой систему организации, политик, процедур и методов, принятых Платежной организацией, и позволяющих Платежной организации своевременно осуществлять выявление, измерение, контроль, мониторинг за возникающими рисками и разработка мероприятий по минимизации рисков при оказании платежных услуг.
Тәуекелдерді басқару процесі Төлем ұйымының тұрақты рентабельділігін қолдау үшін шешуші мәнге ие және Төлем ұйымының әрбір қызметкері өзінің міндеттеріне байланысты тәуекелдер үшін жауапты болады.	Процесс управления рисками имеет решающее значение для поддержания стабильной рентабельности Платежной организации, и каждый отдельный сотрудник Платежной организации несёт ответственность за риски, связанные с его или её обязанностями.
14.2. Төлем ұйымындағы тәуекелдерді және Төлем ұйымының капиталын басқару саясаты Төлем ұйымы тәуекелдерді және меншікті қаражаттың (капиталдың) жеткіліктілігін басқару жүйесін қалыптастыратын негізгі қағидаттарды айқындайды.	14.2. Политика управления рисками в Платежной организации и капиталом Платежной организацией определяет базовые принципы, в соответствии с которыми Платежная организация формирует систему управления рисками и достаточностью собственных средств (капитала).
Тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде Төлем ұйымы қаржылық және қаржылық емес тәуекелдерді айқындайды.	В рамках системы управления рисками Платежная организация определяет финансовые и нефинансовые риски.
Қаржылық тәуекелдерге мыналар жатады:	К финансовым рискам относятся:
Нарықтық тәуекел — Төлем ұйымының инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарының нарықтық құнының, сондай-ақ шетел валюталары бағамдарының қолайсыз өзгеруі салдарынан Төлем ұйымының залал шегу тәуекелі.	Рыночный риск – это риск возникновения у Платежной организации убытков вследствие неблагоприятного изменения рыночной стоимости финансовых инструментов в инвестиционном портфеле Платежной организации, а также курсов иностранных валют.
Өтімділік тәуекелі — Төлем ұйымының өз міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін қаражат жеткіліксіздігіне байланысты проблемалардың туындау тәуекелі; ол өтімділік алшақтығын жабу үшін активтерді ағымдағы құны бойынша мәжбүрлі сату кезінде толық алынбаған кірістермен не өтімді ресурстар тапшылығын өтеу үшін пассивтерді мәжбүрлі тартуға жұмсалатын артық шығындармен байланысты.	Риск ликвидности – риск возникновения проблем, связанных с недостаточностью средств для обеспечения выполнения собственных обязательств Платежной организации, связанный с недополученными доходами при вынужденной продаже активов по текущей стоимости на покрытие разрыва ликвидности, либо с избыточными расходами на вынужденное привлечение пассивов для компенсации недостатка ликвидных ресурсов
Операциялық тәуекел — ішкі бақылау жүйесінің жетілмегендігіне, ақпараттық жүйелердің қателеріне, персоналдың қателеріне және/немесе теріс әрекеттеріне (алаяқтығына), қызмет рәсімдерінің сәйкессіздігіне байланысты тікелей немесе жанама залалдың туындау тәуекелі.	Операционный риск – это риск возникновения прямых или косвенных убытков, связанных с несовершенством системы внутреннего контроля, ошибками информационных систем, ошибками и/или злоупотреблениями (мошенничеством) персонала, неадекватными процедурами деятельности.

Қазақша	Русский
Қаржылық емес тәуекелдерге мыналар жатады:	К нефинансовым рискам относятся:
Іскерлік беделді жоғалту тәуекелі — қоғамда Төлем ұйымының қаржылық орнықтылығы, көрсетілетін қызметтердің сапасы немесе жалпы қызметінің сипаты туралы теріс түсінік қалыптасуы салдарынан Мерчанттар (контрагенттер) санының азаюы нәтижесінде Төлем ұйымының залал шегу тәуекелі.	Риск потери деловой репутации – это риск возникновения у Платежной организации убытков в результате уменьшения числа Мерчантов (контрагентов) вследствие формирования в обществе негативного представления о финансовой устойчивости Платежной организации, качестве оказываемых услуг или характере деятельности в целом.
Құқықтық тәуекел — мынадай себептерден Төлем ұйымының залал шегу тәуекелі:	Правовой риск – это риск возникновения у Платежной организации убытков вследствие:
• заңнама талаптары мен жасалған шарттарды сақтамау;	• несоблюдения требований законодательства и заключенных договоров;
• қызметті жүзеге асыру кезінде жіберілетін құқықтық қателер (дұрыс емес заң консультациялары немесе құжаттарды, оның ішінде сот органдарында даулы мәселелерді қарау кезінде қате жасау);	• допускаемых правовых ошибок при осуществлении деятельности (некорректные юридические консультации или неверное составление документов, в том числе при рассмотрении спорных вопросов в судебных органах);
• құқықтық жүйенің жетілмегендігі (заңнаманың қайшылықтары, қызмет барысында туындайтын жекелеген мәселелерді реттейтін құқықтық нормалардың болмауы);	• несовершенства правовой системы (противоречивость законодательства, отсутствие правовых норм по регулированию отдельных вопросов, возникающих в процессе деятельности);
• контрагенттердің нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ жасалған шарттардың талаптарын бұзуы.	• нарушения контрагентами нормативных правовых актов, а также условий заключенных договоров.
Комплаенс-тәуекел — төлем ұйымының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ компанияның ішкі қағидалары мен рәсімдерін сақтамауы салдарынан шығыстардың (залалдардың) туындау тәуекелі.	Комплаенс-риск – риск возникновения расходов (убытков) вследствие несоблюдения платежной организацией требований законодательства Республики Казахстан, в том числе нормативных правовых актов уполномоченного органа, а также внутренних правил и процедур компании.
Стратегиялық тәуекел — Төлем ұйымының қызметі мен даму стратегиясын айқындайтын шешімдерді қабылдау кезінде (стратегиялық басқару) жіберілген қателердің (кемшіліктердің) нәтижесінде Төлем ұйымының залал шегу тәуекелі. Бұл қателер Төлем ұйымының қызметіне қатер төндіруі мүмкін қауіптерді жеткіліксіз ескеруден, Төлем ұйымы бәсекелестерінен артықшылыққа қол жеткізе алатын перспективалы қызмет бағыттарын қате немесе жеткіліксіз негіздеп айқындаудан, Төлем ұйымы қызметінің стратегиялық мақсаттарына жетуді қамтамасыз етуге тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалдық-техникалық, адами) және ұйымдастыру шараларының (басқарушылық шешімдердің) болмауынан немесе толық көлемде қамтамасыз етілмеуінен көрінеді.	Стратегический риск – это риск возникновения у Платежной организации убытков в результате ошибок (недостатков), допущенных при принятии решений, определяющих стратегию деятельности и развития Платежной организации (стратегическое управление) и выражающихся в недостаточном учете возможных опасностей, которые могут угрожать деятельности Платежной организации, неправильном или недостаточно обоснованном определении перспективных направлений деятельности, в которых Платежная организация может достичь преимущества перед конкурентами, отсутствии или обеспечении в неполном объеме необходимых ресурсов (финансовых, материально-технических, людских) и организационных мер (управленческих решений), которые должны обеспечить достижение стратегических целей деятельности Платежной организации.

Қазақша	Русский
14.3. Тәуекелдерді басқару	**14.3. Управление рисками**
Төлем ұйымы тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында тәуекелдерді басқару саясатын әзірледі. Ол тәуекелдердің алдын алу және оларды азайту, тәуекелдерді анықтау, өлшеу, бақылау және мониторингтеу шараларын әзірлеу және іс жүзінде іске асыру, олардың қолданылу тиімділігін бағалау, сондай-ақ барлық ақша операцияларының жасалуын бақылау жөніндегі жүйелі жұмыстан тұрады. Осы мақсатта Төлем ұйымында тәуекелдерді басқару функцияларын орындайтын қызметкер бекітілген (мұндай қызметкер болмаған жағдайда бұл функцияларды бірінші басшы орындайды), оның міндеттеріне мыналар кіреді:	Платежная организация в целях эффективного управления рисками разработала политику управления рисками, которая состоит из систематической работы по разработке и практической реализации мер по предотвращению и минимизации рисков, выявлению, измерению, контролю и мониторингу рисков, оценки эффективности их применения, а также контролю за совершением всех денежных операций. В указанных целях в Платежной организации закреплен работник (в случае отсутствия такого работника, данные функции выполняет первый руководитель), выполняющий функции по управлению рисками, в задачи которого входит:
1) Тәуекелдерді талдау және бағалау, оның ішінде жүйелі түрде: тәуекелдерді талдау объектілерін; тәуекелдердің алдын алу және оларды азайту шараларын қабылдау қажеттігін айқындайтын тәуекелдерді талдау объектілері бойынша тәуекел индикаторларын; тәуекелдер туындаған жағдайда ықтимал залалды бағалауды айқындау;	1) Анализ и Оценка рисков, включающих в себя систематическое определение: объектов анализа рисков; индикаторов риска по объектам анализа риска, определяющих необходимость принятия мер по предотвращению и минимизации рисков; оценки возможного ущерба в случае возникновения рисков;
2) Тәуекелдердің туындау ықтималдығын және ықтимал салдарын, тәуекелдердің алдын алу және оларды азайтудың ықтимал шараларын қолдануды талдауды ескере отырып, тәуекелдерді басқарудың практикалық шараларын әзірлеу және іске асыру.	2) Разработка и реализация практических мер по управлению рисками с учетом: вероятности возникновения рисков и возможных последствий; анализа применения возможных мер по предотвращению и минимизации рисков.
Клиенттермен жасалған шарттар бойынша қажет болған жағдайда қаржылық тәуекелдердің алдын алу мақсатында Клиенттер шарт бойынша Төлем ұйымына төлейтін қамтамасыз ету жарнасы пайдаланылады.	По договорам с Клиентами, при необходимости, в целях предотвращения финансовых рисков используется обеспечительный взнос, выплачиваемый Клиентами Платежной организации по договору.
Тәуекелдерді анықтау, өлшеу, мониторингтеу және бақылау рәсімдерін әзірлеу кезінде Төлем ұйымы мынадай факторларды ескереді, бірақ олармен шектелмейді:	При разработке процедур выявления, измерения мониторинга и контроля за рисками латежная организация учитывает, но не ограничивается следующими факторами:
1) бизнестің көлемі, сипаты және күрделілігі;	1) размер, характер и сложность бизнеса;
2) бастапқы ақпарат ретінде пайдалану үшін нарықтық деректердің қолжетімділігі;	2) доступность рыночных данных для использования в качестве исходной информации;
3) ақпараттық жүйелердің жай-күйі және олардың мүмкіндіктері;	3) состояние информационных систем и их возможности;
4) нарықтық тәуекелді басқару процесіне тартылған персоналдың біліктілігі мен тәжірибесі.	4) квалификацию и опыт персонала, вовлеченного в процесс управления рыночным риском.

Қазақша	Русский
Тәуекелдерді анықтау, өлшеу, мониторингтеу және бақылау рәсімдері активтер мен міндеттемелердің барлық түрлерін; нарықтық тәуекелдің барлық түрлерін және олардың көздерін қамтиды; нарықтық тәуекел деңгейіне әсер ететін факторлардың, оның ішінде мөлшерлемелердің, бағалардың және өзге нарықтық жағдайлардың өзгерістерін тұрақты негізде бағалауға және мониторингтеуге; нарықтық тәуекелді уақтылы анықтауға және нарық жағдайларының қолайсыз өзгерістеріне жауап шараларын қабылдауға мүмкіндік береді.	Процедуры выявления, измерения, мониторинга и контроля за рисками охватывают все виды активов, обязательств; охватывают все виды рыночного риска и их источники; позволяют проводить на регулярной основе оценку и мониторинг изменений факторов, влияющих на уровень рыночного риска, включая ставки, цены и другие рыночные условия; позволяют своевременно идентифицировать рыночный риск и принимать меры в ответ на неблагоприятные изменения рыночных условий.
Төлем ұйымында тәуекелдерді реттеудің негізгі міндеті — Төлем ұйымының активтері мен пассивтерін басқару барысында табыстылықтың қауіпсіздік және өтімділік көрсеткіштерімен қолайлы арақатынасын сақтау, яғни шығындарды азайту.	Основная задача регулирования рисков в Платежной организации - поддержание приемлемых соотношений прибыльности с показателями безопасности и ликвидности в процессе управления активами и пассивами Платежной организации, т.е. минимизация потерь.
Төлем ұйымында тәуекел деңгейін тиімді басқару тәуекелді қадағалаудан (мониторингтеуден) бастап оның құндық бағалауына дейінгі бірқатар мәселелерді шешуге тиіс. Төлем ұйымының сыртқы ортасының серпінді сипатына байланысты қандай да бір оқиғамен байланысты тәуекел деңгейі үнемі өзгеріп отырады. Бұл Төлем ұйымын нарықтағы өз орнын үнемі нақтылауға, түрлі оқиғалардың тәуекелін бағалауға, Клиенттермен және Мерчанттармен қатынастарын қайта қарауға және өз активтері мен пассивтерінің сапасын бағалауға, демек тәуекелдерді басқару саласындағы саясатын түзетуге мәжбүр етеді. Төлем ұйымындағы тәуекелдерді басқару процесі тәуекелдерді болжауды, олардың ықтимал мөлшерлері мен салдарын айқындауды, олармен байланысты шығындардың алдын алу немесе оларды азайту шараларын әзірлеуді және іске асыруды қамтиды. Мұның бәрі Төлем ұйымының даму мүмкіндіктерінің барлығын уақтылы әрі дәйекті пайдалануымен бір мезгілде тәуекелдерді қолайлы және басқарылатын деңгейде ұстауға мүмкіндік беретін өзіндік тәуекелдерді басқару стратегиясын әзірлеуін көздейді.	Эффективное управление уровнем риска в Платежной организации должно решать целый ряд проблем - от отслеживания (мониторинга) риска до его стоимостной оценки. Уровень риска, связанного с тем или иным событием, постоянно меняется из-за динамичного характера внешнего окружения Платежной организации. Это заставляет Платежную организацию регулярно уточнять свое место на рынке, давать Оценку риска тех или иных событий, пересматривать отношения с Клиентами и с Мерчантами и оценивать качество собственных активов и пассивов, следовательно, корректировать свою политику в области управления рисками. Процесс управления рисками в Платежной организации включает в себя: предвидение рисков, определение их вероятных размеров и последствий, разработку и реализацию мероприятий по предотвращению или минимизации, связанных с ними потерь. Все это предполагает разработку Платежной организацией собственной стратегии управления рисками таким образом, чтобы своевременно и последовательно использовать все возможности развития Платежной организации и одновременно удерживать риски на приемлемом и управляемом уровне.
Тәуекелдерді басқару стратегиясының мақсаттары мен міндеттері көбіне жұмыс істеуге тура келетін үнемі өзгеріп отыратын сыртқы экономикалық ортамен айқындалады.	Цели и задачи стратегии управления рисками в большой степени определяются постоянно изменяющейся внешней экономической средой, в которой приходится работать.
Тәуекелдерді басқару мынадай қағидаттарға негізделеді:	В основу управления рисками положены следующие принципы:
• залалдың ықтимал көздерін немесе залал келтіруі мүмкін жағдайларды болжау, оларды сандық өлшеу;	• прогнозирование возможных источников убытков или ситуаций, способных принести бытки, их количественное измерение;
• тәуекелдерді қаржыландыру, оларды азайтуды экономикалық ынталандыру;	• финансирование рисков, экономическое стимулирование их уменьшения;

Қазақша	Русский
• басшылар мен қызметкерлердің жауапкершілігі және міндеттері, тәуекелдерді басқару саясаты мен тетіктерінің анықтығы;	• ответственность и обязанность руководителей и сотрудников, четкость политики и механизмов управления рисками;
• Төлем ұйымының барлық бөлімшелері бойынша тәуекелдерді үйлестірілген бақылау, тәуекелдерді басқару рәсімдерінің тиімділігін қадағалау. Тәуекелдерді басқару жүйесі басқару шаралары мен тәсілдері сияқты элементтермен сипатталады.	• координируемый контроль рисков по всем подразделениям Платежной организации, наблюдение за эффективностью процедур управления рисками. Система управления рисками характеризуется такими элементами как мероприятия и способы управления.
Тәуекелдерді басқару шаралары:	**Мероприятия по управлению рисками:**
• Төлем ұйымының контрагенттері Төлем ұйымының тәуекелдерді басқару қағидаларында белгіленген тәуекелдерді басқару талаптарын орындауын бақылауды қамтамасыз ететін тәуекелдерді басқарудың ұйымдық құрылымын айқындау;	• определение организационной структуры управления рисками, обеспечивающей контроль за выполнением контрагентами Платежной организации требований к управлению рисками, установленных правилами управления рисками Платежной организации;
• тәуекелдерді басқаруға жауапты тұлғалардың не тиісті құрылымдық бөлімшелердің функционалдық міндеттерін айқындау;	• определение функциональных обязанностей лиц, ответственных за управление рисками, либо соответствующих структурных подразделений;
• Төлем ұйымының басқару органдарына тәуекелдер туралы тиісті ақпаратты жеткізу;	• доведение до органов управления Платежной организации соответствующей информации о рисках;
• Төлем ұйымының үздіксіз жұмыс істеу көрсеткіштерін айқындау;	• определение показателей бесперебойности функционирования Платежной организации;
• Төлем ұйымының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету тәртібін айқындау;	• определение порядка обеспечения бесперебойности функционирования Платежной организации;
• тәуекелдерді талдау әдістемелерін айқындау;	• определение методик анализа рисков;
• тәуекелдерді басқару үшін қажетті ақпарат алмасу тәртібін айқындау;	• определение порядка обмена информацией, необходимой для управления рисками;
• даулы, стандартты емес және төтенше жағдайларда, оның ішінде жүйелік іркілістер кезінде өзара іс-қимыл тәртібін айқындау; операциялық және технологиялық құралдар мен рәсімдерді өзгерту тәртібін айқындау;	• определение порядка взаимодействия в спорных, нестандартных и чрезвычайных ситуациях, включая случаи системных сбоев; определение порядка изменения операционных и технологических средств и процедур;
• операциялық және технологиялық құралдардың, ақпараттық жүйелердің жұмыс істеу сапасын бағалау тәртібін айқындау;	• определение порядка оценки качества функционирования операционных и технологических средств, информационных систем;
• Төлем ұйымында ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету тәртібін айқындау.	• определение порядка обеспечения защиты информации в Платежной организации.

Қазақша	Русский
Төлем ұйымындағы тәуекелдерді басқару тәсілдері Төлем ұйымы қызметінің ерекшеліктерін, тәуекелдерді басқару моделін, төлем клирингі мен есеп айырысу рәсімдерін, ақша қаражаты аударымдарының саны мен сомаларын, түпкілікті есеп айырысу уақытын ескере отырып айқындалады.	Способы управления рисками в Платежной организации определяются с учетом особенностей деятельности Платежной организации, модели управления рисками, процедур платежного клиринга и расчета, количества переводов денежных средств и их сумм, времени окончательного расчета.
Тәуекелдерді басқару тәсілдері:	**Способы управления рисками:**
1) тәуекел деңгейін ескере отырып, Төлем ұйымы контрагенттерінің міндеттемелерінің шекті мөлшерлерін (лимиттерін) белгілеу;	1) установление предельных размеров (лимитов) обязательств контрагентов Платежной организации с учетом уровня риска;
2) көрсетілетін төлем қызметтері шеңберінде Төлем ұйымы контрагенттерінің қамтамасыз ету жарнасын белгілеу;	2) установление обеспечительного взноса контрагентов Платежной организации в рамках оказываемых платежных услуг;
3) төлем ұйымында жұмыс күні аяқталғанға дейін есеп айырысуды жүзеге асыру;	3) осуществление расчета в платежной организации до конца рабочего дня;
4) лимит беру мүмкіндігін қамтамасыз ету;	4) обеспечение возможности предоставления лимита;
5) кері қайтарылмайтын банктік кепілдіктерді пайдалану;	5) использование безотзывных банковских гарантий;
6) бухгалтерлік есептілікке, өтімділік көрсеткіштеріне, болжамды көрсеткіштерге және басқа тәуекел көрсеткіштеріне ішкі немесе сыртқы аудит жүргізу.	6) проведение внутреннего или внешнего аудита бухгалтерской отчетности, показателей ликвидности, прогнозных показателей и других показателей риска.
7) тәуекелдерді басқарудың басқа тәсілдері.	7) другие способы управления рисками.
Комплаенс-тәуекелді басқару тәсілдері:	**Способы управления комплаенс риском:**
1. Сәйкестендіру	**1. Идентификация**
• Барлық бизнес-процестерді талдау;	• Анализ всех бизнес-процессов;
• Бұзушылық болуы мүмкін салаларды анықтау: клиенттер (әсіресе тәуекелі жоғары: РЕР, офшорлар, санкция салынған тұлғалар), өнімдер (жаңа қаржы құралдары, трансшекаралық қызметтер), операциялар (ірі транзакциялар, транзиттік ағындар), IT-жүйелер (дербес деректерді өңдеу, кибертәуекелдер).	• Выявление зоны, где может произойти нарушение: клиенты (особенно высокорисковые: РЕР, офшоры, санкционные лица), продукты (новые финансовые инструменты, кросс-бордер услуги), операции (крупные транзакции, транзитные потоки), IT-системы (обработка персональных данных, киберриски).
2. Тәуекелдерді бағалау	**2. Оценка рисков**
• Тәуекелдерді есептеу әдістемесін пайдалану;	• Использование Методики расчета рисков;
• Тәуекелдер төмен/орташа/жоғары болып жіктеледі;	• Риски классифицируются на: низкие/средние/высокие;

Қазақша	Русский
• Басымдық — қай салаларды бірінші кезекте бақылау керектігі айқындалады.	• Определяется приоритет — какие зоны надо контролировать в первую очередь.
3. Бақылау	**3. Контроль**
• Ішкі құжаттар енгізіледі: КЖ/ТҚҚ мақсатындағы ішкі бақылау қағидалары, Тәуекелдерді есептеу әдістемесі, Шекті және күдікті операцияларды анықтау әдістемесі;	• Внедряются внутренние документы: Правила внутреннего контроля в целях ПОД ФТ, Методика расчета рисков, Методика выявления пороговых и подозрительных операций;
• Техникалық шаралар пайдаланылады: санкциялық тізімдер бойынша автоматты тексеру жүйелері, транзакцияларға лимиттер, клиенттер мен контрагенттердің стоп-тізімдері.	• Используются технические меры: автоматические системы скрининга по санкционным спискам, лимиты на транзакции, стоп-листы клиентов и контрагентов.
4. Мониторинг	**4. Мониторинг**
• Тұрақты ішкі тексерулер, аудиттер жүргізіледі;	• Проводятся регулярные внутренние проверки, аудиты;
• Заңнамадағы өзгерістер қадағаланады;	• Отслеживаются изменения законодательства;
• Бұзушылықтар мен оқиғалардың тізілімі жүргізіледі (болған жағдайда).	• Ведётся реестр нарушений и инцидентов (при наличии).
5. Қызметкерлерді оқыту	**5. Обучение сотрудников**
• Тұрақты тренингтер (онлайн курстар, тесттер, тікелей тренингтер);	• Регулярные тренинги (онлайн-курсы, тесты, живые тренинги);
• Нақты практикадағы мысалдар (мысалы, банктерге немесе төлем ұйымдарына салынған айыппұлдар);	• Кейсы из реальной практики (например, штрафы банкам или платежным организациям);
• Мәдениетті қалыптастыру: әрбір қызметкер комплаенстің де өзінің жауапкершілік саласына жататынын түсінеді.	• Формирование культуры: каждый сотрудник понимает, что комплаенс — это его зона ответственности тоже.
6. Ден қою	**6. Реагирование**
• Бұзушылық анықталған кезде ішкі тергеп-тексеру жүргізіледі;	• При выявлении нарушения проводится внутреннее расследование;
• Түзету шаралары әзірленеді (мысалы, KYC талаптарын күшейту);	• Разрабатываются корректирующие меры (например, ужесточение KYC);
• Қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігіне тиісті хабарламалар жіберіледі;	• При необходимости направляются соответствующие сообщения в Агентство Республики Казахстан по финансовому мониторингу;
• Қайталануына жол бермеу үшін оқиғалар тіркеледі.	• Инциденты фиксируются, чтобы предотвратить повторение.

Қазақша	Русский
Клиентті және оның операцияларын сәйкестендіру мақсатында Төлем ұйымында клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін сәйкестендіру, клиенттің операцияларын мониторингтеу және зерделеу, тәуекелді бағалау және тәуекелдерді азайту шаралары сияқты процестерді реттейтін Ішкі нормативтік құжаттар әзірленген.	В целях идентификации клиента, его операций в Платежной организации разработаны Внутренние нормативные документы, которые регламентируют такие процессы как идентификация клиентов (их представителей) и бенефициарных собственников, мониторинг и изучение операций клиента, оценка риска и меры по минимизации рисков.
7-тарау. ДАУЛЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫ РЕТТЕУ ЖӘНЕ КЛИЕНТТЕРМЕН ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ	**Глава 7. ПОРЯДОК УРЕГУЛИРОВАНИЯ СПОРНЫХ СИТУАЦИЙ И РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ С КЛИЕНТАМИ**
Клиенттің төлем қызметтерін көрсетуге байланысты кез келген даулы жағдай бойынша Төлем ұйымына қандай да бір наразылығы болған жағдайда Клиент Төлем ұйымына тиісті жазбаша өтініш жіберуге құқылы.	В случае возникновения у Клиента каких-либо претензий к Платежной организации по любой спорной ситуации, связанной с оказанием платежных услуг, Клиент вправе направить Платежной организации соответствующее обращение в письменной форме.
Клиент Төлем ұйымына туындаған даулы жағдай көрсетілген еркін нысанда жасалған жазбаша өтінішпен (бұдан әрі — «Өтініш») мынадай тәсілдердің бірі арқылы жүгінуге міндетті:	Клиент обязан обратиться к Платежной организации с письменным заявлением, составленным в произвольной форме, содержащим указание на возникшую спорную ситуацию (далее – «Заявление»), одним из следующих способов:
1. оны Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Розыбакиев көшесі, 247А үй мекенжайына пошта жөнелтілімімен жіберу арқылы;	1. путем направления его почтовым отправлением по адресу – Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Розыбакиева, дом 247А;
2. Төлем ұйымының кеңсесіне жеке өзі келіп, оны Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Розыбакиев көшесі, 247А үй мекенжайы бойынша қолма-қол тапсыру арқылы.	2. путем личного обращения в офис Платежной организации и ее нарочным предоставлением по адресу: Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Розыбакиева, дом 247А.
Төлем ұйымына Өтініш жіберудің аталған тәсілдерінің әрқайсысында Төлем ұйымы оны кіріс хат-хабардың күні мен реттік нөмірін беру арқылы тіркейді. Клиенттің кіріс өтініші нақты тіркелген күн Төлем ұйымының Өтінішті қабылдаған күні болып есептеледі.	При каждом из перечисленных способов направления Платежной организации Заявления она подлежит регистрации Платежной организацией путем присвоения даты и порядкового номера входящей корреспонденции. Датой приема Заявления Платежной организацией считается фактическая дата регистрации входящего обращения Клиента.
Техникалық қолдау қызметіне телефон арқылы жүгіну, Жүйе Сайтындағы кері байланыс нысаны арқылы хабарлама жіберу Төлем ұйымына жүгіну және (немесе) дауларды сотқа дейін реттеу ретінде танылмайды.	Обращения в службу технической поддержки по телефону, направления сообщений через форму обратной связи на Сайте Системы не могут быть признаны обращением к Платежной организации и (или) расцениваться как досудебное урегулирование споров.
Төлем ұйымына жіберілетін барлық Өтініштерге Өтініште көрсетілген фактілерді растайтын тиісінше ресімделген құжат көшірмелері, сондай-ақ мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:	Ко всем Заявлениям, направляемым в Платежную организации, должны быть приложены надлежащим образом оформленные копии документов, подтверждающие факты, указанные в Заявлении, а также следующие документы:

Қазақша	Русский
1. төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;	1. нотариально заверенная копия документа, удостоверяющего личность плательщика;
2. төлемді растайтын құжат (түбіртек).	2. документ, подтверждающий оплату (квитанция).
3. қосымша ұялы байланыс операторымен жасалған және Клиентке Жүйеде Клиенттің Есептік жазбасын тіркеу кезінде көрсеткен Абоненттік нөмірді пайдалану құқығын беретін ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы шарттың нотариат куәландырған көшірмесі және т.б. сұратылуы мүмкін.	3. дополнительно может быть запрошена нотариально заверенная копия договора об оказании услуг сотовой связи, заключенного с оператором сотовой связи и предоставляющего Клиенту право использования Абонентского номера, указанного Клиентом при регистрации Учетной записи Клиента в Системе и др.
Төлем ұйымы алынған Өтінішті қарайды және тиісті Өтініш алынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде жіберу үшін жауап дайындайды.	Платежная организация рассматривает полученное Заявление и подготавливает ответ для направления в срок не более 30 (тридцати) календарных дней со дня получения соответствующего Заявления.
Өтінішті тиісінше қарау және жауап дайындау үшін Төлем ұйымы:	Для надлежащего рассмотрения Заявления и подготовки ответа Платежная организация:
1) дауды жан-жақты зерделеуге құзыретті бөлімшелердің қызметкерлерін тартады (даулы жағдайға қатысты түсініктемелер, қосымша мәліметтер және өзге деректер алу үшін техникалық, құқықтық, есеп айырысу және өзге құрылымдық бөлімшелердің);	1) привлекает к всестороннему изучению спора работников компетентных подразделений (технических, правовых, расчетных, и иных структурных подразделений для получения разъяснений, дополнительных сведений и иных данных в отношении оспариваемой ситуации);
2) Клиенттен қосымша құжаттарды (немесе олардың көшірмелерін), түсініктемелерді және өзге мәліметтерді сұратады және алады. Төлем ұйымының сұрауы бойынша Клиент туындаған дауды сотқа дейін тиісінше реттеу мақсатында Төлем ұйымы сұратқан мәліметтер мен құжаттарды (олардың көшірмелерін) ұсынуға міндетті;	2) запрашивает и получает от Клиента дополнительно документы (или их копии), объяснения и иные сведения. По запросу Платежной организации Клиент обязан предоставить запрашиваемые Платежной организацией сведения и документы (их копии) в целях надлежащего досудебного урегулирования возникшего спора;
3) Өтінішке толық және дәйекті жауап қалыптастыру үшін алынған мәліметтер мен түсініктемелерге мұқият талдау жүргізеді;	3) проводит тщательный анализ полученных сведений и разъяснений для формирования полного и достоверного ответа на Заявление;
4) Клиентке Өтініш бойынша уәжді жазбаша жауап дайындайды.	4) подготавливает мотивированный письменный ответ Клиенту на Заявление.
Кез келген дау, егер ол сотқа дейінгі тәртіппен бейбіт жолмен шешілмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен түпкілікті шешілуге жатады.	Любой спор, если он не был разрешен мирным путем в досудебном порядке, подлежит окончательному разрешению в судебном порядке в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Қазақша	Русский
15-тарау. АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН САҚТАУ ТӘРТІБІ	**Глава 15. ПОРЯДОК СОБЛЮДЕНИЯ МЕР ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ**
15.1. Төлем ұйымы төлем ұйымының жалпы басқару жүйесінің бөлігі болып табылатын, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесін басқаруға арналған ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің құрылуын және жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.	15.1. Платежная организация обеспечивает создание и функционирование системы управления информационной безопасностью, являющейся частью общей системы управления платежной организации, предназначенной для управления процессом обеспечения информационной безопасности.
15.2. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету негіздері	**15.2. Основы обеспечения информационной безопасности**
Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі (АҚБЖ) — ақпараттық қауіпсіздікті құру, енгізу, оның жұмыс істеуі, мониторингі, қолдауы және жетілдірілуі бойынша бизнес-тәуекелдер тәсіліне негізделген Төлем ұйымының басқару жүйесінің бөлігі.	Система управления информационной безопасностью (СУИБ) - часть системы управления Платежной организации, основанная на подходе бизнес-рисков по созданию, внедрению, функционированию, мониторингу, поддержке и улучшению информационной безопасности.
Ақпараттық қауіпсіздік — ақпараттың құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін сақтау.	Информационная безопасность - сохранение конфиденциальности, целостности и доступности информации.
Құпиялылық — Төлем ұйымының процестерін қоса алғанда, ақпаратты алуға өкілеттігі жоқ субъектілер үшін оның құпия сақталуын және қолжетімсіз болуын қамтамасыз етуді көздейтін ақпарат қасиеті.	Конфиденциальность - свойство информации, предполагающее обеспечение секретности и не доступности информации для не авторизованных на ее получение субъектов, включая процессы Платежной организации.
Қолжетімділік — ақпараттың бұған өкілетті субъектілер үшін қолжетімді және пайдалануға дайын болу қасиеті.	Доступность - свойство информации, быть доступной и готовой к использованию для авторизованных на это субъектов.
Тұтастық — ақпараттың дәйектілігін, өзгермейтіндігін және толықтығын сақтау қасиеті.	Целостность - свойство сохранения достоверности, неизменности и полноты информации.
АҚБЖ-ның негізгі мақсаты — ақпараттың тұтастығы, құпиялылығы және қолжетімділігі бұзылуы салдарынан болатын залалды азайту.	Основной целью СУИБ минимизация ущерба в следствии нарушения целостности, конфиденциальности и доступности информации.
15.3. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі төлем ұйымының бизнес-процестеріне ықтимал залалдың ең төмен деңгейіне жол бере отырып, төлем ұйымының ақпараттық активтерін қорғауды қамтамасыз етеді. Төлем ұйымы ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің тиісті деңгейін, оның дамуын және жетілдірілуін қамтамасыз етеді.	15.3. Система управления информационной безопасностью обеспечивает защиту информационных активов платежной организации, допускающую минимальный уровень потенциального ущерба для бизнес-процессов платежной организации. Платежная организация обеспечивает надлежащий уровень системы управления информационной безопасностью, ее развитие и улучшение.
Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін құру қызметі шеңберінде Төлем ұйымы мынадай процестердің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді:	В рамках деятельности по построению системы управлению информационной безопасности, Платежной организацией обеспечивается функционирование следующих процессов:
• Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін айқындау;	• Определения целей и задач системы управления информационной безопасностью;

Қазақша	Русский
• Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін дамыту бағыттарын айқындау;	• Определение направлений развития системы управления информационной безопасностью;
• Төлем ұйымының ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері мен қатерлерін бағалау;	• Оценка рисков и угроз информационной безопасности Платежной организации;
• Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері мен қатерлерін бағалау нәтижелері бойынша өтемдік шараларды әзірлеу және қолдану.	• Разработки и применения компенсирующих мер по результатам оценки рисков и угроз информационной безопасности.
Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін іске асыру шеңберінде Төлем ұйымы мынадай шараларды жүргізеді, бірақ олармен шектелмейді:	В рамках реализации системы управлению информационной безопасностью, Платежная организация проводит следующие мероприятия, но не ограничиваясь ими:
• нақты уақыт режимінде шабуылдарды анықтау және оларға ден қою;	• выявление и реагирование на атаки в реальном времени;
• ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын реттеу және олардың туындау себептерін талдау;	• разрешение и анализ причин возникновения инцидентов информационной безопасности;
• активтерге қол жеткізуді басқару;	• управление доступом к активам;
• төлем ұйымының ақпараттық жүйелері мен деректерін резервтеу;	• резервирование информационных систем и данных платежной организации;
• қызметтің үздіксіздігін басқару;	• управление непрерывностью деятельности;
• ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын тіркеу, талдау және бақылау;	• регистрация, анализ и контроль событий информационной безопасности;
• төлем ұйымының ақпараттық жүйелерінде пайдалану арқылы ақпараттық қауіпсіздік қатерлері іске асырылуы мүмкін осалдықтарды анықтау;	• выявление уязвимостей в информационных системах платежной организации, с использованием которых могут быть реализованы угрозы информационной безопасности;
• ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын пайдалану;	• использование средств криптографической защиты информации;
• активтердің физикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;	• обеспечение физической безопасности активов;
• желілік периметрді қорғау;	• защита сетевого периметра;
• барлық бағдарламалық лицензиялардың талаптарын, авторлық құқықтарды және зияткерлік меншікке қатысты заңдарды сақтау.	• соблюдение условий всех программных лицензий, авторских прав и законов, касающихся интеллектуальной собственности.
Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіру мақсатында жүйенің жұмыс нәтижелері мерзімді түрде талданады.	В целях совершенствования системы управления информационной безопасностью периодически осуществляется анализ результатов функционирования системы.

Қазақша	Русский
15.4. Төлем ұйымы өз ақпаратының құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында мынадай функцияларды жүзеге асырады:	**15.4. Платежная организация в целях обеспечения конфиденциальности, целостности и доступности информации платежной организации осуществляет следующие функции:**
• ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін ұйымдастырады, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметін және қатерлерді анықтау мен талдау, шабуылдарға қарсы іс-қимыл жасау және ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын тергеп-тексеру шараларын үйлестіреді және бақылайды;	• организует систему управления информационной безопасностью, осуществляет координацию и контроль деятельности по обеспечению информационной безопасности и мероприятий по выявлению и анализу угроз, противодействию атакам и расследованию инцидентов информационной безопасности;
• ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесіне әдіснамалық қолдау көрсетеді;	• обеспечивает методологическую поддержку процесса обеспечения информационной безопасности;
• өз өкілеттіктері шеңберінде ақпараттық қауіпсіздікті басқару, қамтамасыз ету және бақылау әдістерін, құралдары мен тетіктерін таңдайды, енгізеді және қолданады;	• осуществляет выбор, внедрение и применение методов, средств и механизмов управления, обеспечения и контроля информационной безопасности в рамках своих полномочий;
• ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары туралы ақпаратты жинайды, шоғырландырады, сақтайды және өңдейді;	• осуществляет сбор, консолидацию, хранение и обработку информации об инцидентах информационной безопасности;
• ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары туралы ақпаратты талдайды;	• осуществляет анализ информации об инцидентах информационной безопасности;
• ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесін автоматтандыратын бағдарламалық-техникалық құралдарды енгізуді, олардың тиісінше жұмыс істеуін, сондай-ақ оларға қолжетімділік беруді қамтамасыз етеді;	• обеспечивает внедрение, надлежащее функционирование программно-технических средств, автоматизирующих процесс обеспечения информационной безопасности, а также предоставление доступа к ним;
• артықшылық берілген есептік жазбаларды пайдалану шектеулерін айқындайды;	• определяет ограничения по использованию привилегированных учетных записей;
• төлем ұйымы қызметкерлерінің ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша хабардар болуын қамтамасыз ету шараларын ұйымдастырады және өткізеді;	• организует и проводит мероприятия по обеспечению осведомленности работников платежной организации в вопросах информационной безопасности;
• төлем ұйымының ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің жай-күйіне мониторинг жүргізеді;	• осуществляет мониторинг состояния системы управления информационной безопасностью платежной организации;
• мерзімді түрде (бірақ жылына кемінде бір рет) төлем ұйымының басшылығын төлем ұйымының ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің жай-күйі туралы хабардар етеді.	• периодически (но не реже одного раза в год) осуществляет информирование руководства платежной организации о состоянии системы управления информационной безопасностью платежной организации.

Қазақша	Русский
15.5. Бағдарламалық қамтамасыз ету мыналарды қамтамасыз етеді:	**15.5. Программное обеспечение обеспечивает:**
• жабдықтың кез келген бөлігінде кез келген уақытта электр қуаты толық немесе ішінара ажыратылған кезде ақпараттың сенімді сақталуын, рұқсатсыз қол жеткізуден қорғалуын, дерекқорлардың тұтастығын және электрондық мұрағаттар мен дерекқорлардағы ақпараттың толық сақталуын;	• надежное хранение информации, защиту от несанкционированного доступа, целостность баз данных и полную сохранность информации в электронных архивах и базах данных при полном или частичном отключении электропитания в любое время на любом участке оборудования;
• бағдарламалық қамтамасыз етуде іске асырылған кіріс деректеріне, функцияларға, операцияларға, есептерге кемінде екі қолжетімділік деңгейін — әкімші мен пайдаланушыны көздейтін көпдеңгейлі қолжетімділікті;	• многоуровневый доступ к входным данным, функциям, операциям, отчетам, реализованным в программном обеспечении, предусматривающим как минимум, два уровня доступа: администратор и пользователь;
• операцияларды жүргізу және тіркеу үшін қажетті, міндетті түрде толтырылатын өрістерге енгізілетін деректердің толықтығын бақылауды (барлық өрістер толық толтырылмай функциялар немесе операциялар орындалған кезде бағдарлама тиісті хабарламаның берілуін қамтамасыз етеді);	• контроль полноты вводимых данных полей обязательных к заполнению, необходимых для проведения и регистрации операций (при выполнении функций или операций без полного заполнения всех полей программа обеспечивает выдачу соответствующего уведомления);
• сұрауды сақтай отырып, осы ақпараттық жүйе үшін айқындалған өлшемшарттар мен параметрлер бойынша ақпаратты іздеуді, сондай-ақ ақпаратты кез келген параметрлер бойынша (осы ақпараттық жүйе үшін айқындалған) сұрыптауды және мұндай ақпарат ақпараттық жүйеде сақталуға тиіс болса, алдыңғы күндердегі ақпаратты қарау мүмкіндігін;	• поиск информации по критериям и параметрам, определенным для данной информационной системы, с сохранением запроса, а также сортировку информации по любым параметрам (определенным для данной информационной системы) и возможность просмотра информации за предыдущие даты, если такая информация подлежит хранению в информационной системе;
• ақпаратты күні мен уақыты бойынша өңдеуді және сақтауды;	• обработку информации и ее хранение по дате и времени;
• төлем ұйымдары Ұлттық Банкке ұсынатын есеп нысандарын, сондай-ақ жүргізілген операциялар туралы есептерді автоматтандырылған қалыптастыруды;	• автоматизированное формирование форм отчетов, представляемых платежными организациями в Национальный Банк, а также отчетов о проведенных операциях;
• ішкі есепке алу жүйесінің журналдарын жүргізуді және автоматтандырылған қалыптастыруды. Бағдарламалық қамтамасыз ету журналды толық, сондай-ақ ішінара (көрсетілген күндер аралығы, белгілі бір күн үшін) қалыптастырады;	• ведение и автоматизированное формирование журналов системы внутреннего учета. Программное обеспечение формирует журнал полностью, а также частично (на указанный диапазон дат, определенную дату);
• есепке алу жүйелерінде сақталатын деректерді резервтеу және қалпына келтіру мүмкіндігін;	• возможность резервирования и восстановления данных, хранящихся в учетных системах;
• шығыс құжаттарын экранға шығару мүмкіндігін;	• возможность вывода выходных документов на экран;
• мынадай атрибуттарды сақтай отырып, ақпараттық жүйеде болатын оқиғаларды тіркеуді және сәйкестендіруді: оқиғаның басталған күні мен уақыты, оқиға атауы, әрекетті жасаған пайдаланушы, жазба идентификаторы, оқиғаның аяқталған күні мен уақыты, оқиғаның орындалу нәтижесі.	• регистрацию и идентификацию происходящих в информационной системе событий с сохранением следующих атрибутов: дата и время начала события, наименование события, пользователь, производивший действие, идентификатор записи, дата и время окончания события, результат выполнения события.

Қазақша	Русский
15.6. Қауіпсіздік рәсімдері	**15.6. Процедуры безопасности**
15.6.1. Қызметтер көрсетудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Операциялар Қазақстан Республикасының аумағындағы банктер эмиссиялаған карталарға ғана жүргізілуі мүмкін.	15.6.1. В целях обеспечения безопасности предоставления Услуг, проведения Операций возможны только на карты, эмитированные банками на территории Республики Казахстан.
15.6.2. Қызметтер осы Қағидаларда және Шартта белгіленген қауіпсіздік рәсімдеріне сәйкес көрсетіледі.	15.6.2. Предоставление Услуг производится в соответствии с процедурами безопасности, установленными настоящими Правилами и Договором.
15.6.3. «Qamqor Pay» ЖШС Қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес деректер субъектісінің келісімімен дербес деректерді жинайды және өңдейді.	15.6.3. ТОО «Qamqor Pay» при оказании Услуг осуществляет сбор и обработку персональных данных с согласия субъекта персональных данных, за исключением случаев, предусмотренных Законом Республики Казахстан “О персональных данных и их защите”.
15.6.4. Қауіпсіздік рәсімдері мыналарды қамтамасыз етеді:	15.6.4. Процедуры безопасности обеспечивают:
• Клиентті және оның тиісті Қызметтерді алу құқығын дұрыс сәйкестендіруді;	• Достоверную идентификацию клиента и его право на получение соответствующих Услуг;
• Банк құпиясын құрайтын ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды және осы ақпараттың тұтастығын.	• Защиту от несанкционированного доступа к информации, составляющей банковскую тайну, и целостность данной информации.
15.6.5. Егер төлемді оны жасауға өкілеттігі бар тұлға жүргізсе және ол Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, сондай-ақ ақша жіберушінің банкі нұсқауды рұқсатсыз төлемдерден әрекеттерді қорғаудың белгіленген тәртібін сақтай отырып қабылдаған жағдайда, төлем рұқсат етілген болып табылады.	15.6.5. Платеж является санкционированным, если он произведен лицом, которое имело полномочие совершить данный платеж, и не противоречит законодательству Республики Казахстан, а также при условии, если указание принято банком отправителя денег с соблюдением установленного порядка защиты действий от несанкционированных платежей.
15.6.6. Клиент осы Қағидаларда және Шартта белгіленген қауіпсіздік рәсімдерін орындаған жағдайда Қызметтер көрсету рұқсат етілген болып табылады.	15.6.6. Предоставление Услуг является санкционированным в случае выполнения клиентом процедур безопасности, установленных настоящими Правилами и Договором.
15.6.7. Заңнамада белгіленген талаптар сақталмай, сондай-ақ жалған төлем құралдарын пайдаланып жасалған төлем рұқсатсыз болып табылады.	15.6.7. Несанкционированным является платеж, осуществленный без соблюдения требований, установленных законодательством, а также с использованием поддельных платежных инструментов.
15.6.8. Әрекеттерді қорғау элементтері ретінде сәйкестендіру кодтары, шифрлау және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге қорғау тәсілдері пайдаланылады.	15.6.8. В качестве элементов защиты действий используются идентификационные коды, шифрование и иные способы защиты, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.
15.6.9. «Qamqor Pay» ЖШС клиенттердің Шартта және осы Қағидаларда айқындалған ақпаратты қорғау талаптарын сақтауына мониторинг жүргізеді.	15.6.9. ТОО «Qamqor Pay» осуществляет мониторинг за соблюдением клиентами требований к защите информации, определенных Договором и настоящими Правилами.

Қазақша	Русский
15.7. Төлем ұйымы ақпараттық активтерге қатысты қолайлы деңгей өлшемшарттарын көрсете отырып, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқарады. Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері іске асқан кезде осындай тәуекелдердің туындауын азайтуға бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленеді.	15.7. Платежная организация управляет рисками информационной безопасности с указанием критериев приемлемого уровня по отношению к информационным активам. При реализации рисков информационной безопасности разрабатывается план мероприятий, направленный на минимизацию возникновения подобных рисков.
15.8. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметінің мониторингі барысында алынған ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары туралы ақпарат шоғырландырылуға, жүйеленуге және сақталуға тиіс.	15.8. Информация об инцидентах информационной безопасности, полученная в ходе мониторинга деятельности по обеспечению информационной безопасности, подлежит консолидации, систематизации и хранению.
Ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары туралы ақпаратты сақтау мерзімі кемінде 5 (бес) жылды құрайды.	Срок хранения информации об инцидентах информационной безопасности составляет не менее 5 (пяти) лет.
Төлем ұйымы ақпараттық қауіпсіздік оқиғасын, оның себептері мен салдарын жою үшін шұғыл шаралар қабылдау тәртібін айқындайды. Төлем ұйымында ақпараттық қауіпсіздік оқиғасы туралы барлық ақпарат, қабылданған шаралар және ұсынылған түзету шаралары көрсетілетін ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналы жүргізіледі.	Платежной организацией определяется порядок принятия неотложных мер к устранению инцидента информационной безопасности, его причин и последствий. В платежной организации ведется журнал учета инцидентов информационной безопасности с отражением всей информации об инциденте информационной безопасности, принятых мерах и предлагаемых корректирующих мерах.
15.9. Төлем ұйымы Ұлттық Банкке мынадай анықталған ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары туралы ақпаратты ұсынады:	**15.9. Платежная организация предоставляет в Национальный Банк информацию о следующих выявленных инцидентах информационной безопасности:**
• қолданбалы және жүйелік бағдарламалық қамтамасыз етудегі осалдықтарды пайдалану;	• эксплуатация уязвимостей в прикладном и системном программном обеспечении;
• ақпараттық жүйеге рұқсатсыз қол жеткізу;	• несанкционированный доступ в информационную систему;
• ақпараттық жүйеге немесе деректерді беру желісіне «қызмет көрсетуден бас тарту» шабуылы;	• атака «отказ в обслуживании» на информационную систему или сеть передачи данных;
• сервердің зиянды бағдарламамен немесе кодпен зақымдануы;	• заражение сервера вредоносной программой или кодом;
• ақпараттық қауіпсіздікті бақылау шараларының бұзылуы салдарынан ақша қаражатын рұқсатсыз аудару;	• совершение несанкционированного перевода денежных средств вследствие нарушения контролей информационной безопасности;
• төлем ұйымы қызметінің тұрақтылығына қатер төндіретін ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары.	• инцидентах информационной безопасности, несущих угрозу стабильности деятельности платежной организации.
15.10. Осы тараудың 15.9-тармағында көрсетілген ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары туралы ақпаратты төлем ұйымы мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ анықталған сәттен бастап 48 сағаттан кешіктірмей, №215 Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпараттық қауіпсіздік оқиғасының картасы түрінде ұсынады.	15.10. Информация об инцидентах информационной безопасности, указанных в пункте 15.9. настоящей главы, предоставляется платежной организацией в возможно короткий срок, но не позднее 48 часов с момента выявления, в виде карты инцидента информационной безопасности по форме согласно приложению 7 к Правилам №215.

Қазақша	Русский
Өңделген ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары жөніндегі ақпарат Ұлттық Банктің ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары мен инциденттерімен алмасу платформасын пайдаланып электрондық форматта ұсынылады.	Информация по обработанным инцидентам информационной безопасности представляется в электронном формате с использованием платформы Национального Банка для обмена событиями и инцидентами информационной безопасности.
Әрбір ақпараттық қауіпсіздік оқиғасына жеке ақпараттық қауіпсіздік оқиғасының картасы толтырылады.	На каждый инцидент информационной безопасности заполняется отдельная карта инцидента информационной безопасности.
15.11. Төлем қызметтерінің жалпы қауіпсіздігін, берілетін деректер мен ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету міндеттемелерін «Qamqor Pay» ЖШС көтереді.	15.11. Обязательства по обеспечению общей безопасности платежных услуг, защиты передаваемых данных и информации несет ТОО «Qamqor Pay».
15.12. «Qamqor Pay» ЖШС Қағидаларда және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды, сондай-ақ мұндай ақпарат жалпыға мәлім болған немесе Мерчанттың/Сатып алушының талабы бойынша не рұқсатымен ашылған жағдайларды қоспағанда, Мерчанттар оған берген барлық деректерге, сондай-ақ Сатып алушылар/Клиенттер «Qamqor Pay» ЖШС-ні пайдалану барысында оған белгілі болған деректерге қатысты құпиялылықты сақтауға міндеттенеді.	15.12. ТОО «Qamqor Pay» обязуется соблюдать конфиденциальность в отношении всех переданных ему Мерчантами данных, а также данных, ставших ему известными в ходе использования ТОО «Qamqor Pay» Покупателями/Клиентами, за исключением случаев предусмотренных Правилами и/или законодательством Республики Казахстан, а также случаев, когда такая информация является общеизвестной или раскрыта по требованию или с разрешения Мерчанта/Покупателя.
15.13. Мерчант өзінің келісімінсіз жүргізілген кез келген операциялар туралы «Qamqor Pay» ЖШС-не дереу хабарлауға міндеттенеді. Операция жүзеге асырылған және «Qamqor Pay» ЖШС тиісті хабарлама жіберген сәттен бастап күнтізбелік тәулік ішінде тиісті хабарлама берілмеген жағдайда операцияны Мерчант жүзеге асырған болып есептеледі.	15.13. Мерчант обязуется незамедлительно уведомлять ТОО «Qamqor Pay» о любых операциях, произведенных без его согласия. В случае непредоставления соответствующего уведомления в течении календарных суток с момента осуществления операции и направления ТОО «Qamqor Pay» соответствующего уведомления, операция считается осуществленной Мерчантом.
15.14. Тараптар аутентификация деректерінің (пайдаланушының бірегей идентификаторы мен паролінің) үйлесімін Мерчанттың Транзакция жүргізу құқығын растаудың қажетті және жеткілікті шарты болып табылатын өз қолымен қойылған қолтаңбаның аналогы деп таниды.	15.14. Стороны признают сочетание аутентификационных данных (уникального идентификатора пользователя и пароля) аналогом собственноручной подписи, являющимся необходимым и достаточным условием подтверждения права Мерчанта на проведение Транзакций.
16-тарау. ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ҚАЖЕТТІ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР МЕН ЖАБДЫҚТЫҢ СИПАТТАМАСЫ	**Глава 16. ОПИСАНИЕ ПРОГРАММНО-ТЕХНИЧЕСКИХ СРЕДСТВ И ОБОРУДОВАНИЯ, НЕОБХОДИМОГО ДЛЯ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ УСЛУГ**
16.1. Сервистің техникалық сипаттамасы және пайдаланылатын технологиялар:	**16.1. Техническое описание сервиса и используемые технологии:**
• Төлем агрегаторы Yandex Cloud Kazakhstan бұлттық платформасында жұмыс істейді;	• Платежный агрегатор функционирует на облачной платформе Yandex Cloud Kazakhstan;
• Инфрақұрылым Қазақстан аумағында орналасқан бір аймақта орналастырылған;	• Инфраструктура размещена в одной зоне, расположенной на территории Казахстана;

Қазақша	Русский
• Бизнес-қосымшалар ақауларға төзімділік пен ауқымдауды қамтамасыз ететін Kubernetes ортасында орналастырылған;	• Бизнес-приложения развернуты в Kubernetes, обеспечивающем отказоустойчивость и масштабируемость;
• Негізгі дерекқорды басқару жүйесі ретінде PostgreSQL пайдаланылады; хабарлама алмасу үшін RabbitMQ қолданылады;	• В качестве основной СУБД используется PostgreSQL; для обмена сообщениями применяется RabbitMQ;
• Инфрақұрылымды басқару Infrastructure as Code қағидаттары бойынша жүзеге асырылады: ресурстарды басқару үшін HashiCorp Terraform, сервистерді конфигурациялау және оркестрациялау үшін Ansible және Kubernetes манифестері пайдаланылады;	• Управление инфраструктурой осуществляется по принципам Infrastructure as Code: для управления ресурсами используется HashiCorp Terraform, для конфигурации и оркестрации сервисов применяются Ansible и манифесты Kubernetes;
• Инфрақұрылым PCI DSS стандартының талаптарына сәйкес келеді, бұл Compliance Control аудиторының жыл сайынғы сертификаттауымен расталады;	• Инфраструктура соответствует требованиям стандарта PCI DSS, что подтверждается ежегодной сертификацией аудитором Compliance Control;
16.2. Сервистің құрамдас бөліктері	**16.2. Составляющие сервиса**
Жүйе төлемдерді жүргізуге, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ ақпаратты жинауға және ұсынуға арналған платформа болып табылады. Негізгі логикалық блоктар:	Система представляет собой платформу для проведения платежей, обеспечения их безопасности, а также сбора и предоставления информации. Основные логические блоки:
• Әкімші;	• Администратор;
• Жеке кабинет;	• Личный кабинет;
• Пайдаланушы интерфейсі (UI);	• Интерфейс пользователя (UI);
• Авторизация;	• Авторизация;
• API;	• API;
• Төлем нысаны;	• Платежная форма;
• Логтар.	• Логи.
16.3. Әкімші	**16.3. Администратор**
Әкімші мен техникалық қолдау қызметінің функциялары графикалық интерфейс арқылы іске асырылған. Мүмкіндіктері:	Функционал администратора и службы технической поддержки реализован через графический интерфейс. Возможности:
• Пайдаланушыны қосу/ажырату;	• Подключение / отключение пользователя;
• Клиенттің деректерін қарау;	• Просмотр данных клиента;
• Клиенттің тарифтерін қарау және өзгерту;	• Просмотр и изменение тарифов клиента;
• Клиент шлюзінің баптауларын қарау және өзгерту;	• Просмотр и изменение настроек шлюза клиента;

Қазақша	Русский
• Серіктестік ақпараттық жүйелермен (АЖ) API-интеграциялар баптауларын басқару;	• Управление настройками API-интеграций с партнерскими информационными системами (ИС);
• Бағыттау параметрлерін баптау.	• Настройка параметров маршрутизации.
16.4. Жеке кабинет	**16.4. Личный кабинет**
Жеке кабинет клиенттің қосылуын және жеке баптауларын басқаруды қамтамасыз етеді:	Личный кабинет обеспечивает управление подключением и персональными настройками клиента:
• Платформада тіркелу;	• Регистрация на платформе;
• Авторизация;	• Авторизация;
• Пайдаланушыны сәйкестендіру;	• Идентификация пользователя;
• Әмиянды банк картасымен толықтыру;	• Пополнение кошелька банковской картой;
• Сервистерге ақы төлеу;	• Оплата сервисов;
• Қаражатты банк картасына шығару;	• Вывод средств на банковскую карту;
16.5. Авторизация	**16.5. Авторизация**
Сервис карта немесе әмиян иесінің эмитентпен авторизациясының толық циклін іске асырады:	Сервис реализует полный цикл авторизации владельца карты или кошелька с эмитентом:
• Авторизация сессиясын сұрату;	• Запрос авторизационной сессии;
• Авторизация деректерімен алмасу;	• Обмен авторизационными данными;
• Авторизацияны растау;	• Подтверждение авторизации;
16.6. API	**16.6. API**
Сервис серіктестік АЖ-мен өзара іс-қимыл интерфейстерінің жиынтығын ұсынады. Қолдау көрсетілетін функциялар:	Сервис предоставляет набор интерфейсов взаимодействия с партнерскими ИС. Поддерживаемый функционал:
• Төлем сессиясын бастау және растау;	• Запуск и подтверждение платежной сессии;
• Сәйкестендіруден өту;	• Прохождение идентификации;
• Сессия мәртебесін алу;	• Получение статуса сессии;
• Әмиянды толықтыру: агентте қолма-қол ақшамен, банк картасымен, лотерея шотынан;	• Пополнение кошелька: наличными у агента, банковской картой, со счета лотереи;

Қазақша	Русский
• Әмиян балансынан қызметтерге ақы төлеу;	• Оплата услуг с баланса кошелька;
• Деректемелерді алдын ала тексеру және комиссияны есептеу;	• Предварительная проверка реквизитов и расчет комиссии;
• Қаражатты шығару: агент арқылы, соманы уақытша бұғаттай отырып агент арқылы қолма-қол ақшамен, банк картасына;	• Вывод средств: через агента, наличными через агента с холдированием, на банковскую карту;
• Банк картасы бойынша комиссияларды алу;	• Получение комиссий по банковской карте;
• Операция мәртебесін алу;	• Получение статуса операции;
• Агент балансын алу;	• Получение баланса агента;
• Агенттің ұялы байланыс операторларын тікелей толықтыруы;	• Прямое пополнение мобильных операторов агентом;
• Әмиян бойынша дербес деректерді алу;	• Получение персональных данных по кошельку;
• Банк картасын токендеу;	• Токенизация банковской карты;
16.7. Төлем нысаны	**16.7. Платежная форма**
Төлем нысаны төлеушіге мерчант ұсынған шотты банк картасының көмегімен төлеуге мүмкіндік береді.	Платежная форма позволяет плательщику оплатить счет, выставленный мерчантом, с помощью банковской карты.
16.8. Логтар	**16.8. Логи**
Сервис жүйенің барлық әрекеттерін журналға тіркейді. Бұл:	Сервис ведет журналирование всех действий системы. Это позволяет:
• Іркілістерді жедел анықтауға және жоюға;	• Оперативно выявлять и устранять сбои;
• Істен шығу себептерін талдауға;	• Анализировать причины отказов;
• Жүйенің ақауларға төзімділігін арттыруға;	• Повышать отказоустойчивость системы;
• Ықтимал іркілістерді болжауға;	• Прогнозировать возможные сбои;
• Ауқымдау және дамыту кезінде жүйенің жай-күйін модельдеуге мүмкіндік береді;	• Моделировать состояние системы при масштабировании и развитии;
16.9. Пайдаланылатын технологиялар:	**16.9. Используемые технологии:**
Дерекқорды басқару жүйелері және қоймалар:	**СУБД и хранилища:**
• PostgreSQL;	• PostgreSQL;
• HashiCorp Vault;	• HashiCorp Vault;

Қазақша	Русский
• Elastic;	• Elastic;
Желілік сұрауларды өңдеуге арналған БҚ:	**ПО для обработки сетевых запросов:**
• Nginx;	• Nginx;
• Suricata;	• Suricata;
• Wazuh;	• Wazuh;
Клиенттік қосымшаларды әзірлеу тілдері мен технологиялары:	**Языки и технологии разработки клиентских приложений:**
• .NET;	• .NET;
• NodeJS;	• NodeJS;
• JavaScript;	• JavaScript;
17-тарау. ОСЫ ҚАҒИДАЛАРҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ	**Глава 17. ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ В НАСТОЯЩИЕ ПРАВИЛА**
17.1. Қағидаларға өзгерістер және/немесе толықтырулар Қағидалардың жаңа редакциясын бекіту арқылы да, Қағидаларға өзгерістер және/немесе толықтырулар мәтінін дайындау арқылы да енгізілуі мүмкін.	17.1. Изменения и/или дополнения в Правила могут вноситься как путем утверждения новой редакции Правил, так и путем подготовки текста изменений и/или дополнений к Правилам.
17.2. Қатысушы Қағидаларға өзгерістермен және/немесе толықтырулармен немесе тарифтермен келіспеген жағдайда, Қатысушы Төлем ұйымының қызметтерін одан әрі пайдаланудан бас тартуға құқылы.	17.2. В случае несогласия Участника с изменениями и/или дополнениями в Правила или тарифами, Участник вправе отказаться от дальнейшего использования услуг Платежной организации.
17.3. Қағидаларға кез келген өзгерістер және/немесе толықтырулар күшіне енгеннен кейін Төлем ұйымының қызметтерін одан әрі пайдалану Қатысушылардың осындай өзгерістермен және/немесе толықтырулармен келісетінін білдіреді.	17.3. Дальнейшее использование услуг Платежной организации после вступления в силу любых изменений и/или дополнений в Правила означает согласие Участников с такими изменениями и/или дополнениями.